

# Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

@ alatau.offset@mail.ru  
alatau\_gazeti  
alatau\_gazeti

## КЕШІРІМ СҰРАУ - ПАРЫЗ

### РЕПРЕССИЯ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

## КЕШІРІМ СҰРАҒАН «ЖАС АЛАШ», ӨТКЕНІН ҚОЗҒАМАЙТЫН «ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН»

Ғаламтор беттерін ақтарып отырып Ұлысмедианың авторы Есдәулет Қызырбекұлының 30.05.2025 жылы жарық көрген мына мақаласына көзім түсті. Автор «Жас алаш» пен «Егемен Қазақстанның» бұрынғы компартия кезіндегі ұнпарағы болғанын («Лениншіл жас», «Социалистік Қазақстан»), ал қазір сол кездегі көзқарастары үшін бүгінгі қоғамнан кешірім сұрауы керек деген пікірін оқыдым.

Нақтырақ айтсақ, компартиялық боданнан тәуелсіздік демократиясына өткен Қазақстанның жоғарыда аталған газеттері кешірім сұрауы туралы дау қалай шешілуі керек? Ойлы сұрақ. Төменде осы мақаланың қысқартылған нұсқасын оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік.

### «ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН» ҺӘМ «СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН»

Автордың ойынша, 1937-1938 жылдары советтік «репрессия машинасы» қызып тұрған шақта «Социалистік Қазақстан» газеті де үнсіз қалған жоқ. Мысалы, газеттің 1937 жылғы күзіндегі сандарының бірінде Алаш орда лидері Әлихан Бөкейхановты

құрып отырды, бұл мырзалардың қазақ даласына істеген әрекеттері адам айтқысыз сұмдық, нағыз айуандық еді», - деп жазған басылым. Ulysmedia тілшісі «Егемен Қазақстан» газеті «Социалистік Қазақстанның» ізбасары ретінде репрессия жылдарында Алаш орда қайраткерлерін айыптап жариялаған мақалалар үшін кешірім сұрауы қажет пе? - деп газеттің қазіргі бас редакторы Ғабит Мүсірепке хабарласқанда: – **Оны қайтесің... Кешірім сұрап... Ол енді кезінде айтылды ғой. Бауырым, қайтеміз өткенді қозғап, – деп қысқа қайырған Ғабит Мүсіреп.**

### АЙЫПТАҒАН «ЛЕНИНШІЛ ЖАС», КЕШІРІМ СҰРАҒАН «ЖАС АЛАШ»

«Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газеті де 1937-1938-дегі репрессия жылдарында Алаш орда қайраткерлерін айыптауда аянып қалмаған. 1938 жылы 6 наурыздағы «Құтырған иттер атылсын» деген мақалада НКВД-ны мадақтап, репрессия құрбандарын фашист, итке теңейді. **«Отанымыздың болат семсері – даңқты НКВД орындары оларды қолға түсірді. Адам баласының бұл иттеріне советтің әділ соты фашистік жемдет сұмырайлардың көздерін тез жоғалтуды талап етіп отыр», - делінген мақалада.** «Жас Алаш» газеті 2011 жылы 90 жылдығын атап өткенде басылымның бас редакторы болған Рысбек Сәрсенбайұлы газетке басылған осы мақалалар үшін оқырманнан кешірім сұраған. **«Газеттің өткен тарихындағы, сондағы әріптес ағаларымыздың жіберген қателіктері үшін кінәсіз, жазығы жоқ азаматтарды «халық жауы» деп айыптау кезеңдері бастан өтті ғой... Сол айыптаулары үшін кешірім сұрағанмын. Ең алдымен кешірімді коммунистік партия сұрауы керек еді. «Ал енді оны мойындамау, өткеннің ісі бізге қатысы жоқ» деу дұрыс болмайды. Тазару керек. Бүгін кешірім**



Ерлан Қарин

сұрауы керек қазіргі билік. Ал онсыз қанпезерлік, жала жабу, азаптау жалғасады», – дейді Рысбек Сәрсенбайұлы.

### «ЕКІ МИЛЛИОН ҚҰЖАТ ҚҰПИЯСЫЗДАНДЫРЫЛДЫ»

2020 жылы Қазақстанда президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жарлығымен «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толығымен ақтау жөнінде» мемлекеттік комиссия құрылған. Ол үш жыл жұмыс істеп, 2023 жылы қызметін аяқтаған. Комиссия төрағасы, мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин 2024 жылы желтоқсанда «ARA media» You Tube арнасына берген сұхбатында 2 миллионнан астам құжат пен іс құпиясыздандырылғанын айтқан. **«Жеті жүз мың істен тұратын материалдардың қорлары бас прокуратура, ұлттық қауіпсіздік комитеті, ішкі істер министрлігінің жабық қорларынан жинақталған. Енді бұның барлығы тиісті зерттеу жұмыстары өткеннен кейін зерттеушілерге, бәріне қол жетімді болады. Құпиясыздандырылды дегеннен кейін олармен танысуға, жұмыс істеуге рұқсат болады», – деді Ерлан Қарин сұхбатта.**

Баян ТАҢАТАРОВА

### УКАЗ ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР



О присвоении звания Героя Советского Союза начальствующему и рядовому составу Красной Армии



За образцовое выполнение боевых заданий Командования на фронте борьбы с немецкими захватчиками и проявленные при этом отвагу и героизм присвоить звание Героя Советского Союза с вручением ордена Ленина и медали „Золотая Звезда“:

1. Красноармейцу **Ананьеву** Николаю Яковлевичу.
2. Красноармейцу **Безродному** Григорию.
3. Красноармейцу **Волотову** Николаю Никифоровичу.
4. Красноармейцу **Вондаренко** Якову Александровичу.
5. Красноармейцу **Гасиянцу** Илариону Романовичу.
6. Сержанту **Донковалину** Ивану Евстафьевичу.
7. Красноармейцу **Дутову** Петру Даниловичу.
8. Красноармейцу **Енцову** Петру Кузьмичу.
9. Красноармейцу **Есипулатову** Нагмету.
10. Красноармейцу **Житейникову** Дмитрию Митрофановичу.
11. Красноармейцу **Касанову** Аликперу.
12. Политруку **Клочкову** Василию Георгиевичу.
13. Красноармейцу **Кожеватченкову** Якову.
14. Красноармейцу **Колкину** Григорию Ефимовичу.
15. Красноармейцу **Котикову** Авраму Ивановичу.
16. Красноармейцу **Максимову** Николаю Герасимовичу.
17. Старшему сержанту **Митяину** Гавриилу Степановичу.
18. Красноармейцу **Митченко** Николаю.
19. Красноармейцу **Москаленко** Ивану Васильевичу.
20. Красноармейцу **Печаеву** Ивану Моисеевичу.
21. Красноармейцу **Петренко** Григорию Алексеевичу.
22. Красноармейцу **Свистуленку** Мисавку.
23. Красноармейцу **Тимофееву** Дмитрию Фомичу.
24. Красноармейцу **Трофимову** Николаю Игнатьевичу.
25. Красноармейцу **Шадрину** Ивану Демидовичу.
26. Красноармейцу **Шапкову** Дзуцвявичу.
27. Красноармейцу **Шемьякину** Григорию Михайловичу.
28. Красноармейцу **Шкитманову** Ивану Алексеевичу.

Председатель Президиума Верховного Совета СССР **М. КАЛИНИН.**  
Секретарь Президиума Верховного Совета СССР **А. ГОРКИН.**  
Москва, Кремль. 21 июля 1942 г.

Газетіміздің өткен санында 28 панфиловшы батырлардың аттарында Жеңіс күні көшеге ілінген панноларда кеткен қателер туралы газетіміздің тұрақты оқырманы және мақала авторы, тарихшы-өлкетанушы Құлтай Нұрқалбайұлы ағамыздың 28 панфиловшының аты-жөнінде жіберілген 18 қате туралы ренішін жариялаған едік.

Өкінішке қарай, «қате» демекші, осы мақалада редакция тарапынан жіберілген қате де орын алды. Қысқаша айтқанда, 28 панфиловшының бірі Сеңгірбаев Мұсабектің есімі паннода ғана қате жазылумен қатар автордың тексіндегі дұрыс жазылған батыр есімі, керісінше, аты мен тегі ауыстырылып, газет бетінде Сеңгірбай Мұсабеков деп жазылып кеткен.

**Жауапты редакция қызметкері және редакция алқасы жіберілген қате үшін автор Құлтай Нұрқалбайұлынан кешірім өтінеміз. «Енді сендерге мақала жазбаймын!» деген ашуыңызды басыңыз, аға! Сіздің қаламыңыздан жас ұрпаққа керек әлі талай тарихи жазбалар туарына сенеміз. Жазарыңыз көбейсін!**

Әрине, жетісулық батырдың есімін жатқа білетін уақытымыз жетті десек те, жіберілген қате өрескел қателердің бірі екенін мойындау керек. Батырлардың есімі ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа қатесіз күйде жеткені дұрыс. Олай болмаған күнде батырлар ерлігі мен есімдері қателер астында қалуы әбден мүмкін.

Баян ТАҢАТАРОВА  
«Алатау» газетінің  
бас редакторы



Рысбек Сәрсенбайұлы

айыптаған материалдар кездеседі. **«Алаш орданың лидері, Уақытша үкіметтің Торғай облысындағы комиссары, қанішер Әлихан Бөкейханов 1916 жылғы көтеріліс жасағандарға қарсы, қазақ халқының геройы Амангелді Имановқа қарсы жазалаушы әрекеттер ұйымдастырып, Торғай облысына жіберіп отырды».** Сондай-ақ газетте: «алашордашыл Тынышбаев Уақытша үкіметтің Жетісу облысындағы комиссары болып отырған кезінде бай кулактардың халықты қыратын бандыларын

## ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

### ГЕОЛОГИЯЛЫҚ МҰРАНЫ ЦИФРЛАНДЫРУ

Қазақстанда тарихи геологиялық мұраны ауқымды цифрландыру жұмысы аяқталуға жақын. Бүгінгі таңда тарихи деректердің 97,5%-ы толық сканерленген. Бұл – ондаған жыл бойы тек қағаз түрінде сақталған шамамен 4,7 млн карта парағы мен есептер. Бұл туралы ОКҚ алаңында өткен баспасөз конференциясында ҚР өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Жәннат Дүбірова хабарлады.

«Қазіргі уақытта геология саласында деректерді талдау технологиялары мен жасанды интеллектті қолдану бағыты дамып келеді. Геологиялық деректердің бірыңғай базасы қалыптастырылуда. Бұл мамандарға жекелеген құжаттармен емес, барлық ақпарат жиынтығымен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Қазірдің өзінде шешімнің прототипі жасалып, 1 терабайт көлеміндегі алғашқы деректер жүктелді. Мұндағы басты міндет – іздеу процесін жеделдету, түрлі дереккөздерді салыстыру және бастапқы аналитиканың сапасын арттыру. Сонымен қатар соңғы шешімді мамандар қабылдайды», – деді спикер.

### ТҚШ САЛАСЫНА SMART TURMYS ЦИФРЛЫҚ ЖҮЙЕСІ ЕНГІЗІЛУДЕ

Тұрғын үй коммуналдық-шаруашылық саласындағы ашықтықты арттыру үшін ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Smart Turmys бірыңғай жүйесін енгізіп жатыр. Бұл жүйе азаматтар мен коммуналдық қызметтер арасындағы негізгі өзара іс-қимыл алаңына айналып, есептегіш құралдардан алынатын деректерді біріктіреді.

Сонымен қатар Энергетикалық және коммуналдық секторды жаңғырту ұлттық жобасы (ЭКСЖ) аясында жүздеген мердігер қосылған электрондық сатып алу платформасы іске қосылды.

Вице-министр Жәннат Дүбірова ОКҚ алаңында өткен баспасөз конференциясында сондай-ақ SKAI-Contract атты жасанды интеллектке негізделген интеллектуалды модульдің сынақ режимінде іске қосылғанын атап өтті. Бағдарлама нарық қатысушыларына сатып алу рәсімдерінде жедел бағдар алуға көмектеседі.

### МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖҮЙЕСІ ЖАҢАРТЫЛАДЫ

Қазақстанда мемлекеттік қызмет саласын реформалауға бағытталған жаңа заңнамалық түзетулер әзірленді. Ол 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамаға негізделген.

Реформаның негізгі мақсаты – мемлекеттік аппаратты сервистік модельге көшіру, процестерді толық цифрландыру және қызметшілерді әлеуметтік тұрғыда қолдау.

Жаңа өзгерістерге сәйкес, мемлекеттік органдарда «клиентке бағдарлану» қағидаты күшейтіліп, азаматтардың өтініштерін қараудағы негізсіз кедергілер жойылады. Кадр іріктеу процесі толықтай «Е-қызмет» жүйесі арқылы цифрландырылады.

Сондай-ақ ауыл әкімдері мен сайланбалы тұлғаларға ерекше мәртебе беріліп, бір лауазым ішінде мансаптық өсу жүйесі енгізіледі. Мемлекеттік қызметшілер үшін әлеуметтік кепілдіктер кеңейтіліп, еңбек өтіліне қарай қосымша демалыстар мен зейнетақы төлемдері қарастырылған.

Реформа аясында артық жұмыс уақыты мен демалыс күндеріндегі еңбекақы төлеу тәртібі де күшейтіледі, ал басқа өңірге ауысқан қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсетіледі.

Сонымен қатар тәртіптік бақылау мен алдын алу шаралары жаңартылып, әдеп және кадрлық басқару тетіктері күшейтіледі.

### АПВ-ҒА ҚАРСЫ ВАКЦИНА АЛДЫ

Жетісу облысында адам папиллома вирусына (АПВ) қарсы вакцинация науқаны жалғасуда. Бүгінде өңірде 11 жастағы 7 мың қыз және 12-13 жастағы 3,5 мың жасөспірім вакцинаның алғашқы дозасын алған.

Мамандардың айтуынша, АПВ-ға қарсы екпе жатыр мойны обырының алдын алуға бағытталған. Вакцинация үш кезең бойынша жүргізіледі: екінші доза екі айдан кейін, ал үшінші доза алты айдан соң салынады.

Дәрігерлер «Гардасил» вакцинасының қауіпсіз екенін атап өтті. Қазіргі уақытқа дейін екпе алған жасөспірімдер арасында ешқандай кері әсер тіркелмеген.

Сонымен қатар облыста 14-18 жас аралығындағы қыздарға да тегін әрі ерікті түрде вакцина салу мүмкіндігі қарастырылған.

### СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ СОҒЫЛДЫ

Талдықорған мектептерінде соңғы қоңырау соғылып, 1756 түлек үлкен өмірге жолдама алды. Жалпы 36 мыңнан астам оқушы оқу жылын аяқтады.

Салтанатты шараға қала әкімінің орынбасары Жеңіс Андабеков қатысып, Б. Жолбарысұлы атындағы №18 орта мектеп-лицейінің түлектерін құттықтады. Ол жас түлектерге сәттілік тілеп, ұстаздар мен ата-аналардың еңбегін ерекше атап өтті.

Биыл аталған мектепті 50 оқушы тәмамдаса, олардың 4-еуі «Алтын белгіге», тағы 4 түлек үздік аттестатқа үміткер атанды.

Айта кетейік, 2025–2026 оқу жылында қаладағы 27 мектепте 36 мыңнан астам оқушы білім алды. Оның ішінде 75 түлек «Алтын белгіге», 102 оқушы үздік аттестатқа үміткер. Ұлттық бірыңғай тестілеу 10 мамырда басталып, 10 шілдеге дейін жалғасады.

### ЖОҒАЛЫП КЕТКЕН БАЛАНЫҢ ДЕНЕСІ ТАБЫЛДЫ

2026 жылғы 25 мамыр күні сағат 22:30-дан бастап Талдықорған қаласы, Шығыс шағынауданында 2019 жылы туған А. есімді баланы іздеу жұмыстары жүргізілді. Бала 25 мамыр күні шамамен сағат 19:30-да үйінен белгісіз бағытта шығып кетіп, қайта оралмаған.

Іздеу жұмыстарына Жетісу облысы ТЖД-ның қызметкері мен күш құралдары, кинологиялық есептоп пен 2 ұшқышсыз ұшу аппараты, полиция департаментінің қызметкері, ҚР Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімінің әскери қызметшілері және туыстары жұмылдырылды.

2026 жылғы 26 мамыр күні сағат 05:30 шамасында баланың денесі Қаратал өзенінен табылып, судан шығарылды.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

# 117 МЫҢҒА ЖУЫҚ ОҚУШЫ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСПЕН ҚАМТЫЛМАҚ



**Жетісу облысында биыл қала сыртындағы 10 жазғы сауықтыру орталығы балаларды қабылдайды. 25 мамырдағы жағдай бойынша барлық лагерьлер жазғы маусымға толық дайын.**

Облыс бойынша 1-10 сынып аралығындағы 117 мыңға жуық оқушыны жазғы демалыс және сауықтыру шараларымен қамту жоспарланған. Оның 106 427-сі мектеп жанындағы 299 алаңда, ал 10 350 бала қала сыртындағы лагерьлерде демалады.

1 маусымда «Көктөбе», «Алтын Чажа», «Эдельвейс», «Қарлығаш» орталықтары ашылады. 10 маусымнан бастап «Бастау», «Жыланды этно кэмп», «Айналайын» лагерьлері іске қосылады. Ал Алакөл жағалауындағы «Жалын», «Шағала», «Жансая» сауықтыру орталықтары 15 маусымда жұмысын бастайды.

Әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы 6500-ге жуық баланың демалысына жергілікті бюджеттен қаржы бөлінген. Сонымен қатар «Балдәурен» республикалық орталығында 201 бала демалса, демеушілер қолдауымен мыңдаған оқушы жазғы сауықтыру шараларымен қамтылады.

Жазғы кезеңде 40 мыңға жуық оқушыға Алакөл, Балқаш, Қапшағай көлдеріне және облыстың көрікті жерлеріне экскурсиялық саяхаттар ұйымдастыру жоспарланып отыр.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

## ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖАҢАРЫП ЖАТЫР

**Талдықорғанда жылу желілерін жаңғырту және жолдарды жөндеу жұмыстары қарқынды жалғасуда. Қала әкімі Ернат Бәзіл шаһар аумағындағы бірқатар құрылыс нысандарын аралап, атқарылып жатқан жұмыстардың сапасы мен мерзімін тексерді.**

Алдымен шаһар басшысы Жансүгіров көшесіндегі жылу желілерін жаңғырту жобасының барысымен танысты. Биыл «Ұлттық жоба» аясында диаметрі 700 мм болатын жылу құбырларын ауыстыру жұмыстары жүргізілуде. Жоба Гагарин мен Ескелді би көшелері аралығындағы 3,5 шақырым аумақты қамтиды. Мамандардың айтуынша, жұмыстар қырқүйек айында толық аяқталады.

Сонымен қатар, қала әкімі Шевченко және Дайыров көшелеріндегі орташа жол жөндеу жұмыстарын да бақылап шықты. Қазіргі таңда бұл аумақтарда арық жүйелерін орнату, жиек тастарды ауыстыру және жол қабатын тегістеу жұмыстары жүргізілуде. Алдағы уақытта асфальт төсеу басталады.

Ернат Бәзіл мердігер ұйымдарға құрылыс сапасына ерекше назар аударып, барлық жобаларды белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

## ОБЛЫСТЫҚ ТІЛ БАЙҚАУЫНДА ЖҮЛДЕ АЛДЫ



**Жетісу облысында «Мемлекеттік тіл – ел тірегі» атты облыстық байқау өтті. Шара мемлекеттік тілді еркін меңгерген этнос өкілдері арасында ұйымдастырылып, қазақ тілін кеңінен насихаттауға бағытталды.**

Байқауға ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасының әскери қызметшісі, қатардағы жауынгер Суньят Садыров қатысып, жүлделі III орынға ие болды.

Шараны Жетісу облысының ішкі саясат басқармасына қарасты «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастырған. Байқау барысында қатысушылар мемлекеттік тілде еркін сөйлеу, ойды жүйелі жеткізу және тіл мәдениеті бойынша өз қабілеттерін көрсетті.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай байқаулар мемлекеттік тілдің беделін арттырып, оны күнделікті өмірде кеңінен қолдануға ықпал етеді.

Суньят Садыровтың бұл жетістігі мемлекеттік тілге деген құрметтің және тіл мәдениетін дамытуға қосылған маңызды үлестің көрінісі ретінде бағаланды.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

## ОРМАНДЫ ҚОРҒАУ - ОРТАҚ МІНДЕТ

**Жетісу өңірінің табиғи байлығының бірі — орман алқаптары. Текелі орманшылығы аумағына қарайтын жасыл белдеу аймақтың экологиялық тепе-теңдігін сақтап, халыққа таза ауа мен табиғи қор сыйлап отыр. Алайда, жаз айларындағы өрт қаупі орман ресурстарына елеулі зиян келтіруі мүмкін.**

Орман өрттерінің негізгі себептерінің бірі – адам факторына байланысты. Демалыс кезінде отты толық сөндірімеу, темекі тұқылын бейберекет тастау, құрғақ шөпті өртеу секілді әрекеттер орны толмас зардаптарға әкеледі. Бір ғана ұшқынның өзі ондаған гектар орман алқабын жойып, флора мен фаунаға үлкен қауіп төндіреді.

Текелі орманшылығы тарапынан өрт қауіпті кезеңде алдын алу шаралары тұрақты түрде жүргізілуде. Атап айтқанда, орман алқаптарында рейдтік жұмыстар ұйымдастырылып, өртке қарсы жолақтар жасалуда. Арнайы техникалар дайын күйде

ұсталуда. Сонымен қатар тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстары күшейтілуде.

Орманды өрттен сақтау үшін әрбір азамат мынадай қарапайым ережелерді қатаң сақтауы тиіс:

- Орман ішінде рұқсат етілмеген жерлерде от жақпау;
- Жаққан отты толық өшірмей тастап кетпеу;
- Темекі тұқылын жерге тастамау;
- Құрғақ шөп пен қоқысты өртемеу;
- Балаларға өрт қауіпсіздігі талаптарын түсіндіру.

**Ринат КУЗЫБАЕВ,**  
Қаратал орман шаруашылығының  
орман күтушісі

# ПРЕЗИДЕНТ РОССИИ ВЛАДИМИР ПУТИН ПРИЛЕТЕЛ В АСТАНУ

Президент России Владимир Путин прилетел с государственным визитом в Астану. В аэропорту столицы Казахстана его встретил Глава государства Касым-Жомарт Токаев, передает Tengrinews.kz со ссылкой на Акорду.

В ходе переговоров главы государств обсудят текущее состояние и перспективы укрепления всеобъемлющего стратегического партнерства и союзнических отношений между Казахстаном и Россией. 28 мая с участием глав государств – членов Евразийского экономического союза прошел Евразийский экономический форум. 29 мая состоится заседание Высшего Евразийского экономического совета.



## КОРОТКО ОБО ВСЕМ

### КАЗАХСТАНЦЫ СТАЛИ РЕЖЕ БРАТЬ ИПОТЕКУ И АВТОКРЕДИТЫ

В первом квартале 2026 года в Казахстане наблюдалось снижение активности в сфере ипотечного и автокредитования, а также кредитования бизнеса. Директор департамента финансовой стабильности Нацбанка Олжас Кубенбаев прокомментировал Kapital.kz наметившиеся тенденции и сделал прогноз.

Ипотека, автокредиты и потребительское кредитование: спрос на ипотеку упал на 21% из-за роста ставок и сокращения ввода жилья. Средний размер ипотечных займов составил 20,5 млн тенге. Потребительское кредитование, как залоговое, так и беззалоговое, осталось на прежнем уровне. Автокредитование показало спад на 20% из-за снижения привлекательности субсидируемых программ на фоне удешевления автомобилей. Во втором квартале прогнозируется рост спроса на ипотеку, тогда как другие сегменты розничного кредитования останутся на прежнем уровне.

### ОРГАНИЗАЦИЯ ВЫПУСКНЫХ ВЕЧЕРОВ В РЕСТОРАНАХ, КАФЕ И БАНКЕТНЫХ ЗАЛАХ ЗАПРЕЩЕНА

Учебный год в Казахстане завершили почти 4 млн школьников. Торжественное вручение аттестатов выпускникам школ Казахстана пройдет 17–18 июня. Об этом сообщила министр просвещения Жулдыз Сулейменова на заседании Правительства, передает корреспондент агентства Kazinform.

Учебный год во всех организациях образования завершился 25 мая едиными классными часами на тему «Закон и порядок — ценности Народной Конституции!». Торжественное вручение аттестатов выпускникам школ состоится 17–18 июня. Проведение выпускных мероприятий предусмотрено исключительно на базе организаций образования. Запрещена организация выпускных вечеров в ресторанах, кафе и банкетных залах, а также незаконный сбор денежных средств, — сообщила министр.

### В УКРАИНЕ ЗАПУСТИЛИ БЕСПЛАТНЫЙ ФАКУЛЬТАТИВ ПО ИЗУЧЕНИЮ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА ДЛЯ МОЛОДЕЖИ

По информации пресс-службы Украинско-Тюркского центра, занятия будут проходить онлайн через Zoom, поэтому участвовать смогут жители разных регионов страны. Набор продлится до 15 июня, первые занятия планируют начать 20 июня - сообщает Orda.kz. Проект стал продолжением образовательных и культурных инициатив, связанных с Казахстаном. В организации уже проводили мероприятия, посвященные казахской культуре, включая мастер-классы и тематические встречи. В центре также сообщили, что преподавать курс будет Искандер Сагимбеков, который окончил Центральноазиатский университет по направлению «переводческое дело и международные отношения». Ранее мы писали, что иностранцам станет проще сдать экзамен по казахскому языку для получения гражданства.

### ЧТО ИЗМЕНИТСЯ ДЛЯ ВОДИТЕЛЕЙ С 25 МАЯ

С 25 мая 2026 года, согласно изменениям, внесенным в правила подготовки водителей, приема экзаменов и выдачи удостоверений, сведения о типе трансмиссии больше не будут вноситься в документ. Причина — резкое изменение автомобильного рынка. Сегодня большинство новых легковых автомобилей продаются с автоматической коробкой передач. Машины с «механикой» постепенно исчезают даже со вторичного рынка. Спрос на такие машины снижается из года в год. На этом фоне ограничение для владельцев прав, полученных на авто с АКПП, фактически потеряло практический смысл. После вступления поправок в силу пункт 40-1 правил будет изложен в новой редакции: Это означает, что казахстанцы, получившие права после 25 мая 2026 года, смогут законно управлять автомобилями, как с автоматической, так и с механической коробкой передач. Казахстанцам, у которых в правах уже стоит отметка об управлении только автомобилями с АКПП, скорее всего, придется соблюдать действующее ограничение до замены документа.

### НОВЫЕ СТРАТЕГИИ БОРЬБЫ С ЛУДОМАНИЕЙ

В Жетысуском университете Талдыкоргана прошла международная конференция, где ученые и представители акимата обсудили новые стратегии борьбы с лудоманией, передает служба новостей info.kz.

В Жетысуском университете Талдыкоргана прошла международная конференция, посвященная борьбе с лудоманией. Ученые, представители акимата области Жетісу и правоохранительных органов обсудили новые стратегии противодействия игровой зависимости, которая стала одной из главных социальных проблем региона. Мероприятие собрало отечественных и зарубежных экспертов. Президент Касым-Жомарт Токаев обозначил её как фактор, влияющий на общественную безопасность. Участники конференции представили научные монографии и договорились о выработке новых подходов для защиты молодежи от игровой зависимости.


### ПОХИТИЛИ СКОТ НА 90 МЛН ТЕНГЕ

В Алакольском районе двое работников одного из товариществ похитили вверенный им крупный рогатый скот, причинив ущерб на сумму более 90 миллионов тенге, передает Vestnik19.kz.

Как сообщили в прокуратуре области, суд первой инстанции признал мужчин виновными по ст. 189 ч. 4 п. 2 УК РК и назначил наказание в виде 5 лет 7 месяцев лишения свободы условно. Не согласившись с таким решением, прокуратура Алакольского района внесла апелляционное ходатайство. Судебная коллегия по уголовным делам суда области Жетісу удовлетворила ходатайство прокурора. В результате условное осуждение было отменено, а приговор изменен на реальное лишение свободы. Приговор вступил в законную силу.

(Все материалы взяты из открытых источников)

# КОГДА НАЧНЁТСЯ АКТИВНОЕ СТРОИТЕЛЬСТВО ПЕРВОЙ АЭС В КАЗАХСТАНЕ



Активное строительство первой АЭС в Казахстане начнется в 2027 году. Об этом сообщил глава «Росатома» Алексей Лихачёв, в Агентстве Республики Казахстан по атомной энергии подтвердили эту информацию. Планируется, что АЭС «Балхаш» начнет работать в середине 2030-х годов – передает infotburo.kz.

Подписание документа по строительству АЭС планируют провести 28 мая. На прошлой неделе председатель Агентства РК по атомной энергии Алмасадан Саткалиев встретился с генеральным директором «Росатома» Алексеем Лихачевым в Москве. Они обсудили проект строительства АЭС «Балхаш» в Казахстане.

# МИНЗДРАВ ЗАПРЕТИЛ ПРОДАВАТЬ И ПРИМЕНЯТЬ КАЗАХСТАНСКИЙ СТРЕПТОЦИД

В Казахстане запретили медицинское применение и дальнейшую реализацию препарата «Стрептоцид» производства казахстанской компании. Соответствующий приказ подписал председатель Комитета медицинского и фармацевтического контроля Минздрава, сообщает Orda.kz.

Речь идет о каждой упаковке в партии по 10 таблеток дозировкой 300 мг. Одним из оснований запрета стало официальное письмо Национального центра экспертизы лекарственных средств и протокол лабораторных исследований от 13 февраля 2026 года. Препарат изымут из аптек и медицинских организаций по всей стране.



# ПОДРОСТКОВ МОГУТ ОШТРАФОВАТЬ ЗА МАТ



За мат в Казахстане могут оштрафовать как самих подростков, так и их родителей — всё зависит от возраста ребёнка. О размерах штрафов рассказал адвокат Бауыржан Азанов, передает ИА «NewTimes.kz».

Если ребёнку от 14 до 16 лет, за его поведение отвечают родители. За нецензурную брань и другие проявления мелкого хулиганства им грозит штраф 30 275 тенге. Подростки от 16 до 18 лет уже несут ответственность сами. За мат в общественном месте и нарушение порядка предусмотрен штраф 86 500 тенге. Если ребёнку меньше 14 лет, то при систематическом мелком хулиганстве ответственность также ложится на родителей. В этом случае штраф составляет 43 250 тенге. Штраф и даже арест теперь грозят казахстанским родителям за прогулы школьников.

## АКСУСКИЙ РАЙОН

# НА БИЛБОРДЕ - ҚУАТ ҚАЙРАНБАЕВ

В селе Егинсу Аксуского района установлен билборд с изображением члена Союза писателей Казахстана, известного поэта, известного журналиста, Почетного гражданина Аксуского и Саркандского районов Куата Кайранбаева – передает портал «7su».

Торжественное собрание, в котором приняли участие жители села, учителя и ученики, представители интеллигенции и друзья поэта и другие выступавшие, с трепетом рассказывали о творчестве поэта, его любви к родной земле, любви к стране. Подвели итоги областного конкурса «Куат Кайранбаевские чтения», в котором приняли участие и егинсуские школьники. По каждому направлению конкурса, а их было четыре, участники показали свои знания, творческие способности и любовь к литературе. В конце вечера жюри наградило победителей.



1 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

# БАЛАЛАР КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

БАЛАНЫҢ ШАТ КҮЛКІСІНЕН АСҚАН ӘУЕН ЖОҚ. ӨЙТКЕНІ БҮЛДІРШІННІ ҚУАНЫШЫ – ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІНЕ ДЕГЕН СЕНЫМНІҢ БЕЛГІСІ. ЖЫЛ САЙЫН ӨЛЕМНІҢ КӨПТЕГЕН ЕЛІНДЕ АТАЛЫП ӨТЕТІН 1 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ ДЕ ОСЫ АСЫЛ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕЙТІН ЕРЕКШЕ МЕРЕКЕ. БИЫЛ БҰЛ АЙТУЛЫ КҮН КЕҢ КӨЛЕМДЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП, ТҰРҒЫНДАР МЕН ҚАЛА ҚОНАҚТАРЫНА КӨТЕРІҢКІ КӨҢІЛ-КҮЙ СЫЙЛАМАҚ.

Елордада балалар Ақорда резиденциясын аралап, «Алем.аи» халықаралық жасанды интеллект орталығының қызметімен танысады. Сапар барысында олардың қауіпсіздігі мен жол логистикасы толық қамтамасыз етілген. Сонымен бірге, өңірде 891 жетім

және «Бала үні» диалог алаңдары өткізілуде. Іс-шара барысында балалар жергілікті атқарушы органдар мен депутаттармен тікелей кездесіп, өз ой-пікірлері мен өңірді дамытуға қатысты ұсыныстарын еркін білдіруге мүмкіндік алды.

ныстырып, келушілерге ерекше әсер сыйлайды.

Мерекенің ең қызықты бөлігінің бірі – балаларға арналған ойын-сауық және спорт алаңдары болмақ. «Заң және тәртіп» қауіпсіздік локациясы, «Көңілді старт» спорттық ойындары, велосипед жарысы, «Бақытты балалық шақ» суретшілер пәнері мен асфальтқа сурет салу байқауы балалардың белсенді демалысын ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Ал «Жанды бұрыш», куыршақ театры және «Ертегілер әлемі» алаңдары бүлдіршіндерді қиял мен сиқыр әлеміне жетелейді.

Мерекелік концерт те көпшіліктің көңілінен шығары сөзсіз. Оқушылар сарайының шығармашылық ұжымдары сахна төрінде өнер көрсетіп, көрермендерге әсем ән мен мың бұралған биден шашу шашады. Атап айтқанда, «Үлгілі» хореографиялық «Солнышко» ансамблі, «Унисон» вокалдық тобы, «Веселая компания» вокалдық тобы, «Қазына» және «Қазына DANCE» би топтары, «Brilliant» би ансамблі мен жас вокалистер өз өнерлерін паш етеді.

Айта кетерлігі, ауқымды мәдени бағдарламаға 510-нан астам бала қатысады. Бұл – жас таланттарды қолдауға, олардың шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған маңызды бастама. Осы тектес шаралар балалардың өнерге, білімге, спорт пен ғылымға деген қызығушылығын арттырып, олар бойындағы елжандылық пен рухани құндылықты қалыптастырады.

Балалық шақ – адамның өміріндегі ең шуақты, ең кіршіксіз кезеңі. Сондықтан әр баланың бақытты өрі қауіпсіз ортада өсуі – қоғамның ортақ міндеті. Талдықорғанда өтетін бұл мереке де дәл осы құндылықтарды дәріптеп, балаларға қуаныш сыйлайтын жарқын күндердің біріне айналмақ.

## «БАЛАЛЫҚ ШАҚ – БАҚЫТ МЕКЕНІ»

1 маусым сағат 10:00-де Талдықорған қаласындағы «Жеңіс» саябағында «Балалық шақ – бақыт мекені» атты үлкен мерекелік іс-шара өтеді. Атауының өзі-ақ мейірім мен шуаққа толы бұл мереке балалардың арманына қанат бітіріп, олардың шығармашылық әлеуетін танытуға бағытталған.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, шараның басты мақсаты – балалардың қауіпсіздігіне қоғам назарын аудару, олардың жарқын болашағына қолдау көрсету және ескелең ұрпаққа ұмытылмас мерекелік көңіл-күй сыйлау.

Мерекелік бағдарлама мазмұнға бай, әрі жан-жақты болмақ. Саябақ аумағында арнайы тақырыптық фотозоналар мен сауда-саттық жәрмеңкелері ұйымдастырылады. Сонымен қатар, төтенше жағдайлар департаменті, денсаулық сақтау және полиция басқармалары арнайы көрме ұсынып, балаларға қауіпсіздік ережелері туралы танымдық ақпарат береді.

Шара барысында бүлдіршіндер мен жасөспірімдердің ғылым мен техникаға қызығушылығын арттыру мақсатында робототехника, судомодельдеу және авиамоделдеу бағытындағы шығармашылық көрме де көпшілік назарына ұсынылады. Заманауи технологияларға қызығатын жас өнертапқыштар өз жобаларын та-



Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, өңірде республикалық бірыңғай Тұжырымдама және «Цифрландыру мен жасанды интеллект жылы» аясындағы іс-шаралар өткізілуде. Республикалық тұжырымдама аясында 28-31 мамыр күндері Жетісу

облысынан іріктелген 5 жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала Астана қаласына саяхатқа аттанды. Балалар қатарында Ескелді, Қаратал аудандарының, Текелі және Талдықорған қаласының, сондай-ақ «Айналайын» балалар үйінің тәрбиеленушісі бар.

және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланың тұрғын үй құқығын қорғау мақсатында «Отбасы банкпен» бірлесіп, кезекке қою және есепке алу процестері толықтай автоматтандырылды. Қоса алғанда, 28-29 мамыр күндері «Бір сәтке өкім» атты рөлдік ойын

**Жетісудың жауһары саналатын Талдықорған қаласы биыл да жазды ерекше сән-салтанатпен қарсы алмақ. Өткен жылы облыс орталығында ұйымдастырылған Summer TDK – 2025 «Жаздың қуаты» жобасы қала тұрғындары мен қонақтарының сүйікті демалыс алаңына айналғаны көпшіліктің есінде. Жаз бойы қалалық жағажай маңында апта сайын өткен ойын-сауық кештері, спорттық сайыстар мен музыкалық бағдарламалар талай жанға көтеріңкі көңіл күй сыйлаған еді.**

## ҚЫЗЫҚ КҮНДЕР БАСТАЛМАҚ

Аталған бұл игі бастама биыл жаңа серпінмен жалғасын таппақ. 30 мамыр күні сағат 12:00-де қалалық жағажайда Taldyk Summer: «Тірі жағалау» атты жазғы маусымның басты ашылу фестивалі өтеді. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл шара тек концерттік бағдарлама емес, қала тұрғындарын біріктіретін үлкен мәдени-демалыс алаңына айналмақ.

Фестиваль күні жағалау аумағы жаздың жарқын бояуына бөленіп, қонақтарды таңнан кешке дейін ерекше атмосфера күтіп тұр. Әсіресе балаларға арналған ойын-сауық аймақтары кішкентай қонақтардың шат күлкісіне толмақ. Түрлі аниматорлар мен көңілді сайыстар тұрғындарға ұмытылмас әсер сыйлайды.

Белсенді өмір салтын ұнататындар үшін де қызық аз емес. Қонақтар SUP-доска тебу мүмкіндігіне ие болып, түрлі спорттық сайыстарға қатыса алады. Жағалау бойында ұйымдастырылатын үлкен фестивальдік квест жастардың қызығушылығын арттырып, командалық рухты күшейтпек.

Күн бойы жағалауда жанды музыка шырқалып, жазғы кештің сәнін келтіретін ерекше көңіл күй орнайды. Сонымен қатар фестиваль аумағында фудкорттар мен гастроаймақтар жұмыс істеп, келушілерге түрлі дәм мен заманауи кеш тағамдарын ұсынады.

Шара барысында түрлі байқау ұйымдастырылып, белсенді қатысушыларға бағалы сыйлықтар мен арнайы жазғы мерч (логотипі, ұраны мен дизайны бар жазғы киімдер мен аксессуарлар жиынтығы) табысталады. Ал кешкі уақытта көпшілік асыға күтетін ауқымды концерт басталып, сахнаны өнер адамдары жандандырады.

Жаздың алғашқы шуақты күндерін көтеріңкі көңіл күймен қарсы алып, жағалаудағы ерекше атмосфераны бірге сезінуге асығыңыздар. Табиғат аясындағы әсем кеш, жанды музыка мен мерекелік көңіл күй әр қонаққа ұмытылмас әсер сыйлайды. Қаратал шағын ауданындағы қалалық жағажай маңында өтетін жазғы маусымның басты мерекесінде жақындарыңызбен бірге кездескенше!



## СУДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ НАЗАРДА!

Жетісу облысында суға шомылу маусымы ресми түрде 1 маусымда басталады. Осыған байланысты облыс аумағында судағы жаппай демалысқа арналған 4 арнайы орын белгіленді. Атап айтқанда, Талдықорған қаласының қалалық жағажайы, Алакөл ауданындағы Ақши және Көктұма жағалаулары, сондай-ақ Сарқан ауданындағы Балқаш көлінің жағалауы тұрғындардың жазғы демалысына қызмет етеді.

Жаз мезгілінде су айдындарындағы қауіпсіздік мәселесі ерекше маңызға ие. Құтқарушылар тұрғындарды тек рұқсат етілген және арнайы жабдықталған жағажайларда шомылуға шақырады. Сонымен қатар балаларды су маңында қараусыз қалдырмау, мас күйде суға түспеу, арнайы белгіленген аумақтан аспау және құтқару құралдарын пайдалану қажеттігін ескертеді.



Сондай-ақ, демалушылар су қоймаларындағы ескерту белгілеріне мұқият назар аударуы тиіс. Себебі қарапайым қауіпсіздік талаптарын сақтамау қайғылы жағдайларға әкелуі мүмкін.

Жетісу облысының төтенше жағдайлар қызметі судағы қауіпсіздік қағидаларын бұзған азаматтар Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 412-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылатынын еске салады.

Құрметті тұрғындар! Су айдындарындағы қауіпсіздік – әр адамның жеке жауапкершілігі. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау арқылы сіз өз өміріңізді және жақындарыңыздың өмірін қорғай аласыз. Төтенше жағдай туындаған жағдайда 112 нөміріне хабарласыңыз.

## ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫҢ ТИІМАЛІГІ АРТУДА

**ЖАЗ МЕЗГІЛІ – ЖАСТАР ҮШІН ТЕК ДЕМАЛЫС КЕЗЕҢІ ҒАНА ЕМЕС, БОЛАШАҚҚА БАСТАР АЛҒАШҚЫ ЕҢБЕК МЕКТЕБІ. ОСЫНЫ ЕСКЕРГЕН ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ «МАНСАП ОРТАЛЫҒЫ» ОҚУШЫЛАР МЕН СТУДЕНТТЕРДІҢ БОС УАҚЫТЫН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРЫП, ОЛАРДЫ ЕҢБЕККЕ БАУЛУ БАҒЫТЫНДА ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗУДЕ.**

Қоғамдық жұмыстар, «Жасыл ел» бағдарламасы, жастар практикасы, қысқа мерзімді кәсіптік оқыту мен мемлекеттік гранттар – бүгінде жастардың әлеуметтік белсенділігін арттырып, тұрақты табыс табуына жол ашып отыр. Бұл туралы Талдықорған қаласы «Мансап» орталығы филиалының директоры Азамат Балтабеков баспасөз мәслихатында кеңінен баяндады.

Талдықорған қаласында халықты нәтижелі жұмыспен қамту бағытындағы жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. 2026 жылдың басынан бері Талдықорған қаласының «Мансап» орталығына жұмыс іздеуші ретінде 5760 азамат тіркелген. Оның ішінде 1210 адам жұмыспен қамтудың белсенді шараларына жолданса, 550 азамат тұрақты жұмыс орындарына орналасқан. Сонымен қатар, жұмысынан айырылуына байланысты 1389 адам әлеуметтік жәрдемақы алып отыр. Олардың 800-ден астамы – жастар санатындағы жұмыс іздеушілер.

Баспасөз мәслихатында сөз сөйлеген Азамат Балтабеков еңбек нарығындағы әділдікті сақтау мақсатында тұрақты жұмыс орны бар азаматтардың жұмыссыз ретінде тіркелуіне жол бермеу үшін орталық мамандары тұрақты түрде мониторинг жүргізіп отырғанын атап өтті.

– *Жазғы демалыс кезеңінде жастарды уақытша жұмыспен қамту – орталық жұмысының негізгі бағыттарының бірі. Әсіресе, қоғамдық жұмыстарға қатысуға ниетті жастар саны жыл сайын артып келеді. Бұл бағдарлама аясында жастар қала мен ауыл аумақтарын абаттандыру, әлеуметтік мекемелерге көмек көрсету, мәдениет және білім беру ұйымдарындағы қоғамдық жұмыстарға тартылады. Жұмыс уақыты күніне 8 сағатты құрайды. Бағдарлама бойынша ай сайынғы жалақы мөлшері 103 800 теңге болса, нақты қолға тиетін қаражат көлемі шамамен 83 мың теңгені құрайды, –* дейді ол.

Маман пікірінше, қоғамдық жұмыстар жастардың тек табыс табуына ғана емес, еңбек тәртібін меңгеріп, жауапкершілік сезімін қалыптастыруына да оң ықпал етеді.

Жастар арасында сұранысқа ие бағдарламалардың бірі – «Жасыл ел» еңбек жасағы. Экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған бұл жоба арқылы 16 мен 35 жас аралығындағы жастар орман алқаптарын қалпына келтіру, ағаш отырғызу, саябақтарды көгалдандыру және түрлі экологиялық акцияларға қатысады. Бағдарлама бойынша жалақы көлемі 85 мың теңгені құрайды, ал нақты қолға берілетін қаражат – 64 565 теңге. Дәстүрлі түрде маусымнан тамыз айына дейін жалғасатын бұл бастама жастарды еңбекке баулумен қатар, табиғатты қорғауға деген жауапкершілігін арттыруда.

Азамат Балтабековтің айтуынша, жазғы қоғамдық жұмыстар мен «Жасыл ел» бағдарламасы жастар үшін тек маусымдық табыс көзі емес. Бұл – олардың болашақ кәсіби өміріне қажетті алғашқы еңбек тәжірибесін жинақтайтын маңызды кезең.

«Мансап» орталығы жастарға уақытша жұмыспен қамту шараларынан бөлек, кәсіби даму мүмкіндіктерін де ұсынып отыр. Соның бірі – «Жастар практикасы» бағдарламасы. Бұл бастама жоғары оқу орындары мен колледж түлектеріне алғашқы кәсіби тәжірибе жинауға мүмкіндік береді. Жалақы мемлекет тарапынан төленеді. Бағдарлама жас мамандардың еңбек нарығына бейімделуіне және тұрақты жұмыс табуына ықпал етеді.

Сонымен қатар, қысқа мерзімді кәсіптік оқыту бағдарламасы да сұранысқа ие. Аталған бағдарлама арқылы жұмыссыз азаматтар жаңа мамандық игеріп, еңбек нарығында қажетті кәсіп иесі атана алады. Оқыту мерзімі үш айдан аспайды. Бағдарламаға қатысушыларға арнайы шәкіртақы төленеді.

Баспасөз мәслихатында кәсіпкерлікті дамытуға арналған мемлекеттік гранттар



жайы да кеңінен қозғалды. Бүгінде жұмыссыз азаматтар мен кәсіп бастауға ниетті жастар үшін 400 айлық есептік көрсеткіш көлемінде қайтарымсыз мемлекеттік гранттар қарастырылған. Бұл қолдау «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы және «Бастау Бизнес» жобасы аясында жүзеге асырылады.

Грант алуға жұмыспен қамту орталығында тіркелген жұмыссыз азаматтар; тіркелгеніне үш жылдан аспаған жеке кәсіпкерлер; көпбалалы және аз қамтылған отбасылар; атаулы әлеуметтік көмек алушылар; мүгедектері бар азаматтар; қандастар; ерекше күтімді қажет ететін бала тәрбиелеп отырған азаматтар; көші-қон бойынша өтініш берушілер мен олардың отбасы мүшелері; асыраушысынан айырылуына байланысты әлеуметтік жәрдемақы алушылар қатыса алады.

Бұл мемлекеттік қолдау азаматтардың өз кәсібін ашып, жаңа жұмыс орындарын құруына мүмкіндік беруде.

Халықты нәтижелі жұмыспен қамту мақсатында биыл Талдықорған қаласында үш ірі бос жұмыс орындары жәрмеңкесі ұйымдастырылған. Ауқымды шараларға 500-ден астам азамат қатысып, жұмыс берушілермен тікелей байланыс орнатқан. Нәтижесінде көптеген тұрғын өзіне лайықты бос жұмыс орындарын тауып, еңбек нарығындағы мүмкіндіктермен танысқан.

«Мансап» орталығы қала орталығынан тысқары орналасқан елді мекен тұрғындарын

да назардан тыс қалдырмаған. Жыл басынан бері Еркін және Өтенай ауылдық округтерінде үш рет жылжымалы «Мансап» орталығының жұмысы ұйымдастырылып, 50-ге жуық тұрғын мемлекеттік бағдарламалар бойынша кеңес алған. Сонымен қатар, халықтың құқықтық және кәсіби сауаттылығын арттыру мақсатында 600-ден астам ақпараттық буклеттер мен брошюралар таратылған.

Тұрғындарды ақпараттандыру бағытындағы заманауи жұмыстар да қарқын алған. «Мансап» жолы – сенің табысың» тақырыбында арнайы аудио-дзинглдер мен дыбыстық хабарламалар әзірленіп, Талдықорған қаласындағы «Дәулет», «Көк базар», «ЦУМ», «Шаған» және «Евразия» секілді ірі сауда орталықтарында тұрақты түрде таратылуда. Бұл – мемлекеттік бағдарламалар туралы халыққа кеңінен ақпарат берудің жаңа әрі тиімді тәсілі.

Баспасөз мәслихатында Азамат Балтабеков жастарды мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндігін тиімді пайдалануға шақырып, еңбекке баулу – болашаққа салынған ең үлкен инвестиция екенін атап өтті.

Талдықорған қаласының Мансап орталығы жүзеге асырып отырған бағдарламалар жастардың еңбекке араласуына, кәсіби тұлғадан қалыптасуына және қоғам өміріне белсенді қатысуына зор мүмкіндік беріп отыр. Жұмыспен қамту шараларының тиімділігі мыңдаған жастың өмірінен көрініс тауып, олардың болашаққа деген сенімін нығайтуда.

## СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ

## СӘН ЖАРЫСЫНА АЙНАЛЫП БАРАДЫ

**Соңғы қоңырау – әр түлек үшін ерекше күн. Мектеппен, балалық шақпен қоштасатын сәт. Бірақ соңғы жылдары осы күннің шынайы мәні көмескіленіп бара жатқандай. Қазір мектеп бітіру кеші көп жағдайда қуаныштан бұрын шығынмен, естеліктен бұрын бәсекемен өлшенетін болды. Қымбат көйлек, алып гүл шоғы, визажист, лимузин, мейрамхана... Мұның бәрі расымен түлекке керек пе, әлде қоғам қалыптастырған мақтанудың бір түрі ме?**

Биылғы 25 мамырда әлеуметтік желіні қарап отырып, бір нәрсені анық түсіндім, мектеп бітіру кеші балалардың емес, ата-аналардың әмиян жарысына айналып барады екен.

Кешегі мектеп бітірушілердің соңғы қоңырауынан кейін тараған видеолар мен суреттер желіні толтырды. Бірінен өткен үлкен гүлдер, көз тартар көйлектер, кәсіби макияж, қымбат фотосессиялар... Кей түлек тойға баратындай дайындалған. Ал олардың ата-аналары осының бәріне қанша қаражат жұмсағанын бір өзі біледі.

Әсіресе қыздардың гүлден жарысуы қоғамда үлкен талқыға түсті.



Тикток желісінде тараған пікірлердің бірі мені қатты ойландырды.

– *Жас түлектердің мектеппен қоштасуына бардық. Ең жағымсыз көрініс іс-шара өтіп жатқан жерден қыздарға үлкен букеттерді қатар-қатарынан жақындары алып шығып жатты. Меніңше, «гүл жарысу» болды десем, артық айтпаспын! Бірінен-бірі өткен үлкен гүлдестелер келді. Ең өкініштісі, кей қыздар гүл алмай, жай ғана қарап тұрды. Ондайда жүрегің ауырады екен, –* дегенді көзім шалды.

Осы бір сөйлемнің өзінде қазіргі қоғамның шындығы жатыр. Бір күндік мерекеден де балалар бір-бірімен материалдық тұрғыда жарысатын болды. Кімнің көйлегі қымбат, кімнің гүлі үлкен, кімнің образы сәнді дегендердің бәрі маңызды. Ал жас түлектің қандай оқушы болғаны, қалай оқығаны, кім екені екінші орынға сырғып кеткендей.

Мен де осы тақырыпқа қызығып, саябақтан өткен түлектер мен

олардың ата-аналарынан шағын сауалнама алған едім.

– *Қызым үлкен букет сұрады. Өзгелерден кем болмасын дедім. Мұндай кезде гүл бағасы да аспандап кетеді, –* дейді ата-аналардың бірі.

Ал оқушы қыздар гүлді өздері таңдағанын ашық мойындады:

– *Үлкен гүл болмаса, өзімді қатарымның жанында ыңғайсыз сезінер едім. Мамама маған осыны екеліңдер деп, гүл сататын дүкенді де көрсеттім, –* дейді мектеп бітіруші Аяжан.

Бір қыздың анасы қызының дос баласына:

– *Қызға неге гүл алмағаның! –* деп ұрсып жатқанын естідім. Ұят-ай...

Осы сөздердің өзінен-ақ қоғамдық қысымның қаншалықты күшейгенін байқауға болады. Балалар қазір қуану үшін емес, ұят болып қалмау үшін дайындалатын сияқты. Маған бұл жағдайдың бәрі өрескел



көріңді. Себебі өзімнің мектеп бітіру кешім мүлде басқаша өткен еді.

Мен 2021 жылы мектеп бітірдім. Карантин уақыты болатын. Біздің бітіру кешімізде қазіргідей даңғаз болған жоқ. Көйлек тіктірдік, лента алдық. Соңғы қоңыраудан кейін сыныптастармен қыдырып, бірге уақыт өткіздік.

Ешкім макияж үшін түннен бастап салон жағалап кеткен жоқ. Ешкім гүлінің көлемімен мақтанбады. Тіпті ондай нәрсе ойымызға да келмеген еді. Біз үшін ең маңыздысы – мектеппен қоштасу, сыныптастармен соңғы рет бірге көңіл көтеру болатын. Қазір қарап отырсам, сол қарапайым күн елдеқайда шынайы әрі жылы естелік болып қалыпты.

Ал бүгінгі түлектердің өмірінде әлеуметтік желінің ықпалы өте күшті. Instagram мен TikTok-тағы «идеал бітіру кеші» жастарға қысым қалыптастырады. Бірі кәсіби фотосессия жасайды, енді бірі бірнеше образ ауыстырады, тағы бірі қымбат

көлікпен кортеж ұйымдастырады. Мұны көрген басқа түлек те соған ұмтылады. Сөйтіп, қарапайым мектеп кеші үлкен мәселеге айналды.

25 мамыр – гүл сататындар, сән салондары үшін қызу пайдаға кенелетін уақыт болды. Әлеуметтік желіде «қанша түлекті дайындадың» деген видеолар қаптап жүр. Тіпті макияжы ұнамай қалған қыздардың визажисттерді желіде жамандап жатқаны да жетерлік.

Ең өкініштісі – мұндай бәсекеде жағдайы төмен отбасының балалары көбірек қысым көреді. Кейбірі кешке бармай қалады. Кейбірі өзін өзгеден төмен сезінеді. Ал жасөспірім шақта мұндай сезім адамның өзіне деген сеніміне ауыр соққы болуы мүмкін.

Қазір балаларға байқамай қандай құндылық үйретіп жатырмыз? «Адамды киімімен қарсы алады» деген түсінікті тым әсірелеп жіберген жоқпыз ба? Рас мектеп бітіру кеші өмірдегі маңызды күндердің бірі. Бірақ оның құндылығы қымбат көйлекпен де, үлкен гүлмен де өлшенбеуі керек қой. Бір күндік әсер үшін ата-ананың қарызға батуы, баланың өзін өзгемен салыстыруы қалыпты нәрсе емес.

Шын мәнінде, жылдар өткен соң ешкім кімнің қандай гүл ұстағанын есіне алмайды. Бірақ кіммен бірге күлгенін, кіммен қоштасқанын, қандай сезімде болғанын ұмытпайды. Мүмкін, бізге мектеп бітіру кешінің форматын емес, оған деген көзқарасты өзгерту керек шығар. Өйткені балалық шақпен қоштасудың ең әдемі сәтінде әр баланың көңіліне кірбің түспегені дұрыс-ақ...

# Дүйсенбі - Понедельник, 1 маусым

## ХАБАР

05.00, 01.00 «Метод уборщицы»  
07.00 «Оян!»  
09.00 «Турбозаврлар»  
10.00, 20.00 «Эшрефтің арманы»  
12.00 Концерт  
14.00 «Әлеумет»  
14.30 «Көзқарас»  
15.00 «Госпожа горничная»  
17.00 «Мечта эшрефа»  
19.00 Новости  
19.30 Жаңалықтар  
22.00 Кешгес  
23.00 «Самоволка»

14.00 «Өзекжарды»  
14.30 «Арнайы репортаж»  
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир  
15.20 М/ф «Бәйдібек би»  
15.35 М/ф «Ордабасы - бірлік туы»  
16.00 Новости/прямой эфир  
16.20 «DARA LINE»  
17.00 М/ф «Отырарды қорғау»  
17.30 М/ф «Мұңлық пен Зарлық»  
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир  
18.40 «Әсем әуен»  
19.30 «Фибрат»  
20.00 «М/ф «Түркістан»  
20.30 Қорытынды жаңалықтар  
21.00 «М/ф «Киелі Қазығұрт»  
21.30 Итоговые новости  
22.00 К/ф «Қарақат» мектеп студиясының концерті

## ЕВРАЗИЯ

06.00 «Паутина»  
07.20 Жаңалықтар  
08.30 Новости  
08.45 Жизнь здорово!  
09.40 Жаңалықтар  
09.50 «Модный приговор»  
10.45 Новости  
11.00 Давай поженемся!  
12.00 «Зовите Ермолова!»  
13.15 Аналитика  
14.10 Жаңалықтар  
14.20 Новости  
14.30 Qoslike  
18.30 Басты жаңалықтар  
19.00 Көреміз шоу  
20.00 Главные новости  
20.30 «Улицы разбитых фонарей-14»  
01.00 Главне новости  
1.45 «Зеленый фургон. Со-всем другая история»  
2.55 Басты жаңалықтар  
3.20 Паутина

## 31 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Әзіл студио»  
06.30, 05.20 «Ризамын»  
07.10 «Қожа. Жаңа саяхат»  
09.00 «Аватар: легенда об аанге»  
09.30 «Губка Боб»  
10.00 «Пингины Мадагаскара»  
10.30 «Кунг-фу панда»  
11.20 «Большой красный пес Клиффорд»  
13.20 «Дорога домой. Не-вероятное путешествие»  
15.20 «Повелитель стихий»  
17.30 «Индиана Джонс. В поисках утраченного ковчега»  
20.00 Информбюро (рус. каз.)  
21.00 «Супер 8»  
23.20 «12 раундов. Переза-грузка»  
02.40 «Time vine»  
03.00 «Tik Tok show»  
03.20.05.00 «What's up?»  
04.00 Әзіл студио  
04.20 «1001 әзіл»  
04.30 Телевикторина

## 7 КАНАЛ

06.00 Жұлызды болғын келсе  
07.00, 22.00 «Үзілген жапырақтар»  
08.50 «Тәуіп Хо Жун»  
10.00 «Үздік әзілер»  
11.00, 17.00, 18.30, 01.40 Телесериал  
13.00 «Қайсар жүрек»  
14.00 «Вакцина от коррупции»  
13.30 телехикая «әмірші әиел»  
16.00 «Пингвиненок Пороро»  
18.00 Жаңалықтар.  
19.30 Новости.  
20.00 «Ветренный»  
21.00 «Далекий город»  
23.30 «Тәуіп хо жун»  
00.50, 05.00 Жаңалықтар  
01.15, 05.25 новости  
02.40 Гүл-гүл шоу  
03.20 Жарқыраған жұлдыз  
04.10 Жұлдызды шаңырақта

## КТК

07.05 «Әнім сен едің»  
08.40 «Әмір сынақ»  
10.20 «Последнее лето»  
12.20 Ревальная мистика  
16.30 «Дворняжка Ляля»  
18.30 «Однажды в Чукуро-ва»  
20.30 Кешкі жаңалықтар  
21.00 Вечерние новости  
21.40 Сериал «Клан ювели-ров»  
23.40 «Шеф-7»  
01.40 «Дворняжка ляля»  
03.10 «Последнее лето»  
4.45 «Әмір сынақ»,  
04.25 Кешкі жаңалықтар (қайталау)  
6.05 Кешкі жаңалықтар

## ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»  
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/  
08.50 «Әсем әуен»  
08.55 М/ф «Көне құмыраның сыры»  
10.00 «Үгәгей melody»  
10.50 «Еркін қозғалыс»  
11.00 «Бір шәугім шай»  
11.30 «Күлкі қоржын»  
11.50 «Еркін қозғалыс»  
12.05 «Балдәурен» балалар концерті  
13.05 «Единый народ»  
13.35 М/ф «Қажымұқан»

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«Agrimer Beskol» ЖШС Жетісу облысы Алакөл ауданы Бескөл ауылдық округі, Бескөл станциясында орналасқан «Agrimer Beskol» ЖШС үшін «Қоршаған орта-ны қорғау» бөлімі бойынша 2026 жылғы 8 маусым мен 12 маусым аралығында қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы жұртшылықты хабардар етеді.  
Әсер ету аумақтары мен учаскелерінің географиялық координаттары: 46°11'3,79" CШ 81°5'2,91"ВД.  
Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: «Agrimer Beskol» ЖШС, Жетісу облысы, Алакөл ауданы, Бескөл станциясы, Амангелді көшесі, 40-ғимарат, e-mail: kintop.a.agrimeravto@mail.ru  
Әзірлеуші: «Экология» ЖК, тел.: 8 777 343 34 66, Талдықорған қ., Назарбаев көшесі, 120/50, e-mail: Afanasieva\_olga@mail.ru.  
Жоба материалдарымен келесі сайтта танысуға болады: ndbecology.gov.kz.  
«Жетісу облысының табиғи ресурстар басқармасы» ММ, тел.: 8 (7282) 32-92-67, 8 777 171 90 39, e-mail: priroda@zhetisu.gov.kz, Талдықорған қ., Қабанбай батыр көшесі, 26.  
МИО сайтына сілтеме: <https://ndbecology.gov.kz>  
Сондай-ақ бастамашының сайтында: <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru>  
Ескертулер мен ұсыныстар «НБД СОС және ПР» ақпараттық жүйесінде қабылданады: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>

# Сейсенбі - Вторник, 2 маусым

## ХАБАР

05.00,01.00 Телехикая «Метод уборщицы»  
07.00 «Оян!»  
09.00 Мультсериал «Турбо-завры»  
10.00, 20.00 Телехикая «Эшрефтің арманы»  
12.00 Телехикая «Келінжан»  
13.00 «ОйнаQ»  
14.00 «Народный контроль»  
14.30 Пульс планеты  
14.45 Жер-жаһан  
15.00 фильм «Самоволка»  
17.00 Сериал «Мечта Эшре-фа»  
19.00 Новости  
19.30 Жаңалықтар  
22.00 «КешREC»  
23.00 «Эволюция» Фильм

## ЕВРАЗИЯ

6.00 Паутина  
7.10 Жаңалықтар  
7.20 «Koremix- шоу»  
8.20 Новости  
8.30 «Жить здорово!»  
9.25 Жаңалықтар  
9.40 «Модный приговор»  
10.30 Новости  
10.45 «Давай поженемся!»  
11.45 «Зовите Ермолова»  
Сериал  
13.00 «Позднее раскаяние»  
Сериал  
14.10 Жаңалықтар  
14.20 Новости  
14.30 Қослайк  
18.30 Басты жаңалықтар  
19.00 Көреміз шоу  
20.00 «Главные новости»  
20.30 Сериал «Улицы раз-битых фонарей-14»  
01.00 Главные новости  
01.45 Ночной кинотеатр «Зе-леный фургон.Совсем другая история».  
2.55 Басты жаңалықтар  
3.20 «Ойнамақ»  
3.50 Паутина

## КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар  
7.30 «Әнім сен едің»  
8.10 «Әмір-сынақ» Телехикая  
9.40 Вечерние новости  
10.20 Сериал «Последнее лето»  
12.20 Сериал «Шеф-7»  
14.30 Сериал «Клан ювели-ров»  
16.30 Сериал «Дворняжка Ляля»  
18.30 «Однажды в Чукурова»  
Сериал  
20.30Кешкі жаңалықтар  
21.00 Вечерние новости  
21.40 Сериал «Клан ювели-ров»  
23.40 Сериал «Шеф-7»  
01.40 Сериал «Дворняжка Ляля»  
03.10 Сериал «Последнее лето»  
04.45 «Әмір-сынақ» Теле-хикая  
06.05 Кешкі жаңалықтар

## ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»  
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/  
08.50 «Әсем әуен»  
09.00 Жаңалықтар  
09.30 Новости  
10.00 «Әсем әуен»  
10.10 К/ф «ЧИП»  
10.50 «Еркін қозғалыс»  
11.05 «Әсем әуен»  
11.50 «Еркін қозғалыс»  
12.00 «Аман болайық» /

тікелей эфир/  
12.40 «Әсем әуен»  
13.05 «19 аймақ»  
13.40 «Әсем әуен»  
14.30 «Фибрат»  
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир  
15.20 «Әсем әуен»  
16.00 Новости/прямой эфир  
16.20 К/ф «Аналар күні»  
17.00 «Дала сыры»  
17.20 «Әсем әуен»  
18.00 «19 регион» /тікелей эфир  
18.40 «Әсем әуен»  
19.30 «Ауылдан адам көшкенмен...»  
19.45 «Әсем әуен»  
20.05 Д/ф «Тазы. Қазақтың қазынасы»  
20.30 Қорытынды жаңалықтар  
21.00 Д/ф «Астана-Амман: жаңа мақсаттар»  
21.15 «Әсем әуен»  
21.30 Итоговые новости  
22.00 К/ф «Мектеп президенті»  
22.40 «Әсем әуен»  
23.15 «Әу» де»

## 31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»  
06.30 «Ризамын»  
07.00 Информ бюро(каз,рус)  
08.00 «31 әзіл»  
08.50 Мультсериал «Аватар: Легенда об Аанге»  
09.20 Мультсериал «Губка Боб»  
10.10 Мультсериал «Пингины Мадагаскара»  
11.00 Мультсериал «Кунг-фу Панда»  
11.50 Боевик «Золотой глаз»  
14.50 Боевик «Индиана Джонс. В поисках утраченного ковчега»  
17.30 Боевик «Индиана Джонс и Храм судьбы»  
20.00 Информ бюро(каз,рус)  
21.00 Боевик «Неудержимые»  
23.00 Триллер «Телефонная будка»  
01.30 «31 әзіл» ойын-сауық  
02.40 «Time Vine» ойын-сауық  
03.00 «Tik Tok show» ойын-сауық  
03.20 «What's up?» ойын-сауық  
04.00 «Әзіл студио»  
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық  
04.30 Бала батл  
05.00 «What's up?» ойын-сауық  
05.20 «Ризамын»

## 7 КАНАЛ

06.00 Телехикая «Ата-ана. Бала -шаға»  
07.00 Телехикая «Үзілген жапырақтар»  
08.40 Телехикая «Тәуіп Хо Жун»  
10.00 «Үздік әзілдер»  
11.00, 17.00, 18.30, 01.40 Теле-сериал  
13.00 «Қайсар жүрек» Теле-хикая  
14.00 «Тақиясыз періште» Телехикая  
16.00 «Пингвиненок Пороро» Мультсериал  
16.30 «Ну, погоди!» Мультсе-риал  
18.00 Жаңалықтар  
19.30 Новости  
20.00 «Ветренный» Сериал  
21.00 «Далекий город» Сериал  
22.00 «Үзілген жапырақтар»  
23.30 Телехикая «Тәуіп Хо Жун»  
00.50 Жаңалықтар  
1.15 Новости  
2.40 Гүл-гүл шоу  
3.20 «Жарқыраған жұлдыз»  
04.10 Жұлдызды шаңырақта  
05.00 Жаңалықтар  
5.25 Новости

### ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Agrimer Beskol» информирует общественность о проведении публичных обсуждений с 8 июня по 12 июня 2026г. по разделу «Охраны окру-жающей среды» для ТОО «Agrimer Beskol» ст.Бесколь, Бескольского с/о, Алакольского района области Жетісу.  
Географические координаты участков и территорий воздействия: 46°11'3,79" CШ 81°5'2,91"ВД.  
Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Agrimer Beskol», область Жетісу Алакольский район ст.Бесколь, ул. Амангелды, здание 40, e-mail: kintop.a.agrimeravto@mail.ru  
Разработчик: ИП «Экология», тел. 8 777 343 34 66. г. Талдықорған, ул.Назарбаева 120/50, e-mail: Afanasieva\_olga@mail.ru.  
Ознакомиться с материалами проекта можно на сайте: ndbecology.gov.kz.  
ГУ «Управление природных ресурсов области Жетісу», Тел. 8 (7282) 32-92-67, 87771719039, e-mail: priroda@zhetisu.gov.kz, г.Талдықорған, ул. Кабанбай батыра, 26.  
Ссылка на сайт МИО <https://ndbecology.gov.kz> и на сайте инициатора <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru>.  
Замечания и предложения принимаются в Информационной система «НБД СОС и ПР» (<https://hearings.ndbecology.gov.kz/>).

# Сәрсенбі - Среда, 3 маусым

## ХАБАР

05.00 Телехикая «Метод уборщицы»  
07.00 «Оян!»  
09.00 Мультсериал «Турбо-завры»  
10.00, 20.00 Телехикая «Эшрефтің арманы»  
12.00 Телехикая «Келінжан»  
13.00 «ОйнаQ»  
14.00 «Біздің назарда»  
14.30 Пульс планеты  
14.45 Жер-жаһан  
15.00 фильм «Эволюция»  
17.00 Сериал «Мечта Эшрефа»  
19.00 Новости  
19.30 Жаңалықтар  
22.00 «КешREC»  
23.00 «За бортом»  
1.00 Телехикая «Метод уборщицы»

## ЕВРАЗИЯ

6.00 Паутина  
7.10 Жаңалықтар  
7.20 «Koremix- шоу»  
8.20 Новости  
8.30 «Жить здорово!»  
9.25 Жаңалықтар  
9.40 «Модный приговор»  
10.30 Новости  
10.45 «Давай поженемся!»  
11.45 «Зовите Ермолова»  
Сериал  
13.00 «Позднее раскаяние»  
Сериал  
14.10 Жаңалықтар  
14.20 Новости  
14.30 Қослайк  
18.30 Басты жаңалықтар  
19.00 Көреміз шоу  
20.00 «Главные новости»  
20.30 Сериал «Улицы раз-битых фонарей-14»  
01.00 Главные новости  
01.45 Ночной кинотеатр «Зеленый фургон.Совсем другая история».  
2.55 Басты жаңалықтар  
3.20 «Ойнамақ»  
3.50 Паутина

## КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар  
7.30 «Әнім сен едің»  
8.10 «Әмір-сынақ» Теле-хикая  
9.40 Вечерние новости  
10.20 Сериал «Последнее лето»  
12.20 Сериал «Шеф-7»  
14.30 Сериал «Клан юве-лиров»  
16.30 Сериал «Дворняжка Ляля»  
18.30 «Однажды в Чукуро-ва» Сериал  
20.30Кешкі жаңалықтар  
21.00 Вечерние новости  
21.40 Сериал «Клан юве-лиров»  
23.40 Сериал «Пустые города»  
01.40 Сериал «Дворняжка Ляля»  
03.10 Сериал «Последнее лето»  
04.45 «Әмір-сынақ» Теле-хикая  
06.05 Кешкі жаңалықтар

## ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»  
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/  
08.50 «Әсем әуен»  
09.00 Жаңалықтар  
09.30 Новости  
10.00 «Әсем әуен»  
10.10 К/ф «Алыстағы жақыным»  
10.50 «Еркін қозғалыс»  
11.05 «Әсем әуен»  
11.50 «Еркін қозғалыс»  
12.05 «Біздің толқын» /тікелей эфир/  
12.50 «Әсем әуен»

13.05 «19 регион»  
13.40 «Әсем әуен»  
14.25 «Ауылдан адам көшкенмен...»  
14.45 Әсем әуен  
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир  
15.20 «Әсем әуен»  
16.00 Новости/прямой эфир  
16.20 К/ф «Мектеп президенті»  
17.00 «Үгәгей melody»  
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир  
18.40 «Әсем әуен»  
19.30 «Агро аймақ»  
19.40 «Әсем әуен»  
20.00 «Упавшие в пропасть»  
20.30 Қорытынды жаңалықтар  
21.00 Д/ф «Ұлттық құрылтай: ел мүддесі»  
21.20 «Үгәгей melody»  
21.30 Итоговые новости  
22.00 К/ф «Қожайынның балалары»  
22.40 «Әсем әуен»  
23.20 «Аман болайық»

## 31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»  
06.30 «Ризамын»  
07.00 Информ бюро(каз,рус)  
08.00 «МЭКСономика»  
08.10 Тикток шоу  
08.30 Мультсериал «Аватар: Легенда об Аанге»  
09.00 Мультсериал «Губка Боб»  
09.30 Мультсериал «Пинги-ны Мадагаскара»  
10.00 Мультсериал «Кунг-фу Панда»  
12.30 Боевик «Неудержи-мые»  
14.40 Боевик «Индиана Джонс и храм судьбы»  
15.10 Худ. фильм «Семья по-быстрому»  
17.20 Боевик «Индиана Джонс и последний кресто-вый поход»  
20.00 Информ бюро(каз,рус)  
21.00 Боевик «Неудержи-мые-2»  
23.00 Боевик «Супер 8»  
01.30 «31 әзіл» ойын-сауық  
02.40 «Time Vine» ойын-сауық  
03.00 «Tik Tok show» ойын-сауық  
03.20 «What's up?» ойын-сауық  
04.00 «Әзіл студио»  
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық  
04.30 Бала батл  
05.00 «What's up?» ойын-сауық  
05.20 «Ризамын»

## 7 КАНАЛ

06.00 Телехикая «Ата-ана. Бала -шаға»  
07.00 Телехикая «Үзілген жапырақтар»  
08.40 Телехикая «Тәуіп Хо Жун»  
10.00 «Үздік әзілдер»  
11.00, 17.00, 18.30, 02.15 Телесериал  
13.00 «Қайсар жүрек» Теле-хикая  
14.00 «Тақиясыз періште» Телехикая  
16.00 «Пингвиненок Пороро» Мультсериал  
16.30 «Ну, погоди!» Мультсе-риал  
18.00 Жаңалықтар  
19.30 Новости  
20.00 «Ветренный» Сериал  
21.00 «Далекий город» Сериал  
22.00 «Үзілген жапырақтар»  
23.30 Телехикая «Тәуіп Хо Жун»  
00.45 Шымкент-шоу  
03.15 Гүл-гүл шоу  
04.05 Әйгерім Сейфолланың сырласу  
04.55 Жұлдызды шаңырақта  
05.25 Қызықты weekend

# АШАРШЫЛЫҚ АҚИҚАТЫН АШҚАН ЕҢБЕК


**Өткен жылдың соңғы тоқсанында Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған, ҚР Ғылым және Жоғары Білім министрлігі Ғылым комитетінің қолдауымен «Қазақстандағы 1931-1933 жылдардағы жаппай ашаршылық куәгерлері мен олардың ұрпақтарының естеліктер топтамасын дайындау және басып шығару бағдарламасын жүзеге асыру» бағдарламасы аясында дайындалған республика облыстары мен қаласы бар көптомдық сұхбат материалдарының жинағы жарық көрді. Оның үшінші томы Алматы облысынан өз алдына еншісін алған Жетісу облысына арналыпты. Оны құрастырған Алматы мен Талдықорғанның арасында тынбай шапқылаған, сол өңірдің алыс аудандары мен шалғай ауылдарына барып, көнекөздермен сұхбаттасқан, көп қыруар тер төккен жерлесіміз, т.ғ.д., профессор, аталған Институттың бас ғылыми қызметкері Оразгүл Хасенқызы Мұхатова.**



қаласы мен өңірдің сегіз: Алакөл, Ақсу, Ескелді, Кербұлақ, Көксу, Қаратал, Панфилов, Сарқан аудандарынан) тұрады. Құптарлығы үшінші томның VIII тараудағы Қаратал ауданы топтамасына жергілікті авторлар Р.Өтегенов, Ө.Мерқұлов, Ж.Бейсенбайұлы, М.Өсербаева, С.Қосжанұлы, Қ.Қараман, Ж.Сұлтанбековтың естеліктері енген. Бағалы еңбектің кіріспесінде (алғысөз авторы О.Мұхатова) «Естеліктерді анықтау, талдау және ғылыми айналымға енгізу архив құжаттарына қарағанда анағұрлым күрделі әрі қиын. Оның себебі естелік авторларының барлығы бірдей өздерінің бастан кешірген тарихи баянын жариялай бермейді. Ол адамның жадында сақталады. Куәгер оны мәлім ете бермейді, ашық баяндауға мүдделі де болмауы ғажап емес», – деп аштыққа ұшырағандардың кейінгі ұрпағынан қажетті деректі алу кезіндегі ұшырасқан ауыртпалық қиындығымен бөліседі. Сыр ақтаруын – «Бір ғасырға жуық уақыттың ішінде (1922 жылдан басталған) нәубеттің куәгерлері өмірден озды. Олардың ұрпақтарының ішінде ата-аналарының немесе ата-әжелерінің естеліктерін жадында сақтағандары некен-саяқ. Осы тұрғыдан келгенде естеліктерді ел арасынан там-тұмдап жинақтау орасан зор еңбек», – деп жалғастырады. Құнды еңбекті дайындап, редакциялық алқаға ұсынуда ең алдымен басшылыққа алынатын: «...Естеліктерді талдаудың өзіндік ғылыми ұстанымдары бар. Ең алдымен естеліктер авторанылық талдаудан өткізіледі. Естелік авторының баяндауларын зерделейтін заманауи идеялар мен ғылыми тұжырымдамалар алынады. Зерттеу барысында контент талдау, фактілік талдау, объективтілік пен субъективтіліктің байланысы, тарихи фактіні анықтау, деректердің түрлері мен мазмұны, олармен жұмыс істеудің әдіс-тәсілдері қоса пайдаланылады», – деген қағиданы ортаға сала-

ды. Білгенге бұлжымас бұл ережелер тарихшы ғалымның ұстанған бұлтартпас қағидасы.

Баршаға мәлім, кейінгі жеті жылдың бедерінде қоғамымыздағы прогрессивті оң өзгерістердің нәтижесінде «Әділетті Қазақстанды» құру мәсе-лесі алға тартылуда. Бұл орайда, автор мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» және «Әділетті Қазақстан – адал азамат» атты бағдарламалық баяндамаларында тарихи сананы нығайтуға ерекше мән берді. Өйткені «Өз ұлты мен мемлекетінің өткенін білмей мемлекетті прогрессивті түрде дамыту мүмкін емес. Осы орайда 1931-1933 жылдардағы ашаршылық тарихын зұлмат куәгерлері мен олардың ұрпақтарының естеліктері бағытына кешенді зерделеу өзекті бола түседі», – дей келіп, алапат аштықтың ақиқатын анықтау, зерделеу, тұжырымдап түйіндеу жолындағы мемлекеттік маңызы зор игі шараның мұнымен шектелмей, жалғасын табатынына сенім білдіреді.



Автор өткен тарихымыздан тағылым алуға қатысты ойын: «Жинаққа топтастырылған естеліктер Қазақстан тарихы бойынша оқулықтар мен оқу құралдарын, хрестоматиялар дайындауға септігін тигізеді... «Қазақ еліндегі 1931-1933 жылдардағы зұлмат» тақырыбындағы деректі және көркем фильмдер түсіруде маңызы зор», – дей келіп, «Естеліктер тек белгілі бір оқиға немесе үдеріс жөнінде ғана емес, мемлекет пен қоғамның дамуы туралы құнды мәліметтер береді. Сондықтан да ашаршылық тарихын

оның куәгерлерінің естеліктері бойынша терең зерделеудің мемлекеттің болашақ өркендеуі үшін қажет. Сонымен қатар, «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқының тәуелсіздік жолының ауыр да қасіретті болғандығын, тәуелсіздікті құндылықтардың бастысы ретінде қастерлеуге үйретуде», – деп түйіндеуі институт тарапынан бұл бағытта жүргізіліп жатқан бағдарламалық іс әрекеттің мәні ерекше, маңызы зор екенін тағы да саралап, нақтылай түседі.

Тарихшы ғалымның бұл айтқанына қосарымыз, биылғы 2026 жылы алапат аштықтың басталғанына 95 жыл толады. Демек алдағы 31 мамырда осы бір қасіретті күнді ел болып, бүкіл ұлттық аза тұту күні деп атап өтсе, биліктің және халықтың көмегімен аудан орталықтары мен үлкенді-кішілі қалаларда ашаршылық құрбандарына (саяси қуғын-сүргінге ұшырағандар ескеріле отырып) ескерткіштер орнатылса, орта және жоғарғы оқу орны мекемелерінде тәрбиелік тағылым сағаттары өткізілсе нұр үстіне нұр болар еді. Қалай десек те, аштықтың қасіретін ұғынбай, тоқтықтың қадірін сезіну қиынға түседі. Кездейсоқ байлыққа кенелген байықештерімізді асып-тасудан, Құдайды ұмытып дарақылыққа салынудан сақтандырады. Тәубеге келуге шақырар еді. Кітапта аштықты жария еткен, төбе шашымызды тік тұрғызатын естеліктер мол. Қай заманда да қағазға түсіп, тасқа басылған жазуды он жерден балталасаң да өшіре алмайтыны бесенеден белгілі. Автор бұл еңбегінің түйін сөзін: «Бұл жинақ ақпараты тарихи жақты жаңғыртып қана қоймайды, сонымен қатар қазақстандықтардың тарихи санасын жетілдіріп, Отансүйгіштік қасиетін арттырады», – деп қорытады.

Жетісу тақырыбына қалам тербеп, үздік өлкетанушы қатарынан көрініп жүрген біз де осы ұтқыр пікірге қосыламыз. Қосыла отырып, тарих ғылымының шаршамас еңбекторысы екендігін жарқын ісімен дәлелдеген Оразгүл Хасенқызына, сондай-ақ білікті тарихшы, үлкен жүректі азамат Зиябек Қабылдинов жетекшілік ететін Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ғалымдарына ел тарихының ақтаңдақ беттерін жарқырата ашып көрсетудегі ізденіске әрі қажырлыққа толы еңбектеріне сәттілік, әрі табыс тілейміз. Алар асуларыңыз, шығар тауларыңыз биіктей берсін, дәйім шежірелі тарихымызды толықтыратын, мазмұны жағынан байытатын құнды еңбектеріңіз көбейе түссін! Тарихшы, журналист Д.Белдеубайдың: «Тарих өткен заманның баяны ғана емес, болашақтың да аяны» деген ұстанымы – ұстаным. Қалай десек те, шындықты жеті құлыптың астына жасырсаң да жарып шығады деген қанатты сөзге жүгінген жөн.

**Қараша ҚАРАМАН,**  
үздік өлкетанушы журналист  
Алматы облысы

## КӨКСУ АУДАНЫ

# ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚАСІРЕТІ

Сембек ӘБДІ-РАХМАН

«Алатау»

«АЗАЛЫ КІТАПТА» КӨКСУ АУДАНЫ  
АТЫЛҒАНДАР МЕН АҚТАЛҒАНДАР

(Кітапта Көксу ауданы бұрын Қаратал ауданының аумағына кіргендігін және кітапта аудан кей жерлерде Киров ауданы деп жазылғанын ескертеміз).

1937-38 жылдары 100 мыңның үстінде адам қуғын-сүргінге ұшырады десек, тарихшы Зиябек Қабылдинов архивтерде 714 мың құжаттың өлі «құпия» грифы алынбағанын айтады.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия мүшесі Сабыр Қасымов өткен ғасырдың 20-30 жылдары қырылғандардың көбі аштықтан емес, репрессия құрбаны боп кеткен деп есептейді.

Сталиндік саяси қуғын-сүргін статистикасына келгенде, әр санның артында халқымыздың арда азаматтарының қор болған өмірі, құл-талқаны шыққан ұлттық арман, айдалып, атылып кеткен әке-шешесін көруге зар болған бала-ғұмыр, ұлт қайраткерінің қуғынға ұшыраған үрім-бұтағының қасіреті тұрғанын ұмытпауымыз керек. Бұл сандар жай ғана статистика емес, тұнған трагедия екенін естен шығармайық.

2011 жылы жарыққа шыққан кітаптағы тізім бойынша газетіміздің осы санында Көксу ауданы бойынша қуғын-сүргінге ұшырап, жазаланғандар тізімін ұсынуды жөн көрдік. Алайда бұл

**РЕПРЕССИЯ (ЛАТ. REPRESSIO – БАСУ, ҚЫСЫМ КӨРСЕТУ) – МЕМЛЕКЕТТІҢ НЕМЕСЕ БИЛЕУШІ ЖҮЙЕНІҢ ӨЗ БИЛІГІН САҚТАП ҚАЛУ ҮШІН ХАЛЫҚТЫ БАҚЫЛАУДА ҰСТАУ, ҚОРҚЫТУ ЖӘНЕ ЖАЗАЛАУ МАҚСАТЫНДА ҚОЛДАНАТЫН МӘЖБҮРЛЕУШАРАЛАРЫНЫҢ ЖИЙНТЫҒЫ. КСРО ТАРИХЫНДА РЕПРЕССИЯ КОММУНИСТИК ПАРТИЯНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ БАС ХАТШЫСЫ ИОСИФ СТАЛИННІҢ АТЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ.**

**1930-1940 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДА СТАЛИННІҢ ӨЛЕУМЕТТІК САЯСАТЫНЫҢ ҚҰРБАНЫ 8,5 МИЛЛИОННАН АСТАМ АДАМ БОЛДЫ: «РЕВОЛЮЦИЯҒА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТАРЫ» ҮШІН 760 МЫҢНАН АСТАМ АДАМ АТЫЛДЫ, МИЛЛИОНҒА ЖУЫҚ АДАМ КУЛАКТАРДЫ ЖОЮ КЕЗЕҢДЕРІНДЕ ЖӘНЕ АРНАЙЫ ЕЛДІ МЕКЕН-ДЕРДЕ ҚАЙТЫС БОЛДЫ. ГУЛАГ-ТА ЖАРТЫ МИЛЛИОНҒА ЖУЫҚ ТҰТҚЫН ҚАЙТЫС БОЛДЫ.**

тізім әлі де толық еместігін айта кеткен жөн...

- 1. Қаракүбеков Көшібек (Күтімбек)** 1857 жылы туған. Қаратал ауданы, Аққұдық ауылында дүниеге келген, ұлты қазақ, мал шаруашылығымен айналысқан. СССР НКВД-ның шешімімен 10.08.1937 жылы ату жазасына кесілген. СССР Жоғарғы сотының шешімімен 13.02.1989 жылы ақталған.
- 2. Қонусов Майлыбек** 1855 жылы Қаратал ауданы, Аққұдық ауылында туған, ұлты қазақ, мал шаруашылығымен айналысқан. СССР НКВД-ның шешімімен 17.11.1937 жылы ату жазасына кесілген. СССР Жоғарғы сотының шешімімен 16.05.1989 жылы ақталған.
- 3. Байсов Айтхун** 1897 жылы туған, Алматы облысы, Қаратал ауданы, ұлты қазақ, малшы. СССР НКВД-ның шешімімен 10.11.1937 жылы ату жазасына кесілген. СССР Жоғарғы сотының шешімімен 1989 жылы ақталған.
- 4. Гарбовский Петр Иванович**

1887 жылы Киев облысы, Новоград-Вольный ауданында туған. Ұлты поляк, Лабасы колхозының колхозшысы.

- 5. Забегалов Николай Яковлевич** 1884 жылы Харьков облысында туған. Қаратал ауданы қант зауыдының жұмысшысы.
- 6. Иванов Николай Яковлевич** 1891 жылы Москва облысында дүниеге келген. Қаратал ауданы, Көксу ауылының тұрғыны. Ұлты орыс, етікші болып қызмет істеген.
- 7. Капустин Григорий Иванович** 1881 жылы Москва облысы, Чехов ауданында туған. Ұлты орыс, қант зауыдында токарь.
- 8. Морозов Николай Иванович** 1897 жылы Солтүстік Кавказда туған. Қаратал ауданы Калинин колхозның ұстасы.
- 9. Шрейдер Петр Иванович** 1889 жылы дүниеге келген, ұлты неміс. Қаратал ауданындағы қант қызылшасы совхозында бухгалтер. 1937 жылдың 3 қарашасында Алматы УНКВД-ның бұйрығымен сотталып, осы жылдың 27 қарашасында ату жазасына бұйырылған. Талдықорған облыстық

прокуратурасының қорытындысымен 27.04.1989 жылы ақталған.

- 10. Липницкий Франц Игнатьевич** 1894 жылы Белоруссияда туған, ұлты поляк. Қант қызылшасы совхозында егінші болып жұмыс істеген. СССР НКВД-ның шешімімен 10.11.1937 жылы ату жазасына кесілген. СССР Жоғарғы сотының шешімімен 16.01.1989 жылы ақталған.
- 11. Шелухович Константин Иванович** 1888 жылы Минск қаласында туған, ұлты беларус. Қаратал қант қызылшасы совхозының жұмысшысы. СССР НКВД-ның шешімімен 10.11.1937 жылы ату жазасына бұйырылған. 16.01.1989 жылы ақталған.
- 12. Барковский Александр Карлович** 1884 жылы Винницкий губерниясында туған, ұлты украин. Көксу бекетінде тұрған. НКВД-ның қосалқы шаруашылығында бас зоотехник болып қызмет істеген. Алматы облысының УНКВД-ның шешімімен 21.11.1937 жылы атылған. Талдықорған облыстық сотының шешімімен 31.08.1957 жылы ақталған.
- 13. Кабилов Ғабзарип** 1868 жылы



Талдықорған облысы, Киров ауданы №10 ауылында туған, ұлты татар. НКВД-ның шешімімен 10.12.1937 жылы ату жазасына бұйырылған. 26.04.1989 жылы ақталған.
- 14. Күзембаев Зарип** 1895 жылы Талдықорған облысы, Қаратал ауданы, Мұқыры колхозында туған. Карл Маркс колхозының колхозшысы. НКВД-ның шешімімен 25.11.1937 жылы ату жазасына бұйырылған. 16.01.1982 жылы ақталған.
- 15. Нақысбеков Қали** 1873 жылы Талдықорған облысы, Киров ауданы, Мұқыры ауылында туған. Карл Маркс колхозының колхозшысы. НКВД-ның шешімімен 25.11.1937 жылы ату жазасына бұйырылған. 04.05.1989 жылы ақталған.

ЖЕТІСУ ПЕРЗЕНТТЕРІ

# ӨМІР СЫНАҒЫНДАҒЫ ҚАЙСАРЛЫҚ

КҮТПЕГЕН КЕЗДЕСУ

Жылқы жылының 5 ақпаны болатын. «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасының директоры Бақберген ініммен болашақта жарық көретін шежіреге қатысты бірлі-жарым пікір алмасудан соң, жолай облыстық С.Сейфуллин атындағы кітапханаға бас сұқтым. Қала жастарының мұзбалақ ақын Мұқағалидың 95 жыл толу құрметіне әдеби-сазды кеші өткелі жатыр екен. Дәлізбен жүріп, үлкен залға жақындадым. Сол жақ қабырға республикалық және облыстық газет-журналдардың жаңа саны сөресімен ерекшеленеді. Дөңгелек үстелде ескі газет тігіндісін ақтарып отырған азаматқа көзім еріксіз түсті. Пәлі, көптен бері жолықтырмаған сыйлас інімнің бірі Тұрсынбай Шантуұлы екен. Күтпеген кездесу деп осыны айт! Жарқылдай амандастық. Амандық саулықты қазақы қалжыңмен бастап: «Әкімдер де кітапханаға келеді екен-ау! Көзіме сенейін бе, сенбейін бе?! - деп бір желпініп алдым. Берісетін ол жоқ: «Зейнетке шыққалы қол босады, бос уақыт көбейді. Оқитыным кітап пен газет-журнал. Рухани байлыққа кенелгенге не жетсін!» - деп сол бұрынғысынша мінезінің орнықтылығын, ойының тиянақтылығын танытты. «Ия, бұл сауапты іс екен. Ұзағынан сүйіндірсін», - деп ағалық ақ тілегімді білдірдім.

Қанша дегенмен көз таныс болғандықтан алдағы уақытта хабарласып, хал-жағдай сұрасып тұрайық деген ниетпен телефон номерімізбен алмастық. Жадыраңқы көңіл күймен сыртқа шықтым. Ақпанның ақша қарына малынған Талдықорған шаһарының самаладай жарқыраған жарық шамдары көз арбайды. Бүгінде ел ағасы атанған Тұрсекеңмен жүздескен күтпеген кездесудің әсері болар, үйге оралып, сәл-пәл тыныстаған сәтімде осыдан тура отыз тоғыз жыл бұрын қасиетті Қаратал топырағында Тұрсынбай ініммен алғашқы таныстығым, қызмет барысындағы аралас-құраластығым оралды. Оның өткен ғасырдың сексенінші жылдарының бел ортасынан басталған реформатор, Бас хатшы М. Горбачев жариялаған «Қайта құру» саясаты белең алған тұста Кеңестік идеология тәлтіректесе де дүлей күшін, жазалау машинасын сақтап қалған кезеңде еділдік пен шындықтың алдаспаны бола білген, ұлт қамын ойлаған өршіл мінезі, серпінді іс-әрекеті санамда жаңғырып, көз алдымнан бейне кинобаян іспеттес көлбөңдеп өте берді...

АЛҒАШҚЫ ТАНЫСТЫҚ

Өз басым тағдырдың жазуымен Жетісудағы іргелі Қаратал ауданының білдей 45 жыл тұрғыны болғандықтан, өңірде әр жылдары бірінші басшы қызметін атқарғандардың көбісін дерлік іштей-сырттай танып білуші едім. Оған себепкер сол тұстағы Талдықорған облысына қарасты аудандық «Коммунизм жолы» газеті редакторының орынбасары (1977-1990 ж.) қызметін атқаруым. Зерделі


жас Тұрсынбай Ғалыновтың 1987 жылдың қарашасында аудандық атқару комитетінің төрағасы болып тағайындалғанын алғаш редактор Мәкен апайымыздан естідік. (Ол дәуірде ауортком төрағасы аудандық бірінші хатшыдан кейінгі екінші адам). Ізінше газетімізде оның қысқаша өмірбаяны да жарияланды. Одан білгеніміз: Тұрсынбай Шантуұлы айдынды Алакөлдің тумасы. Абай атындағы ОМ, Алматы ауыл шаруашылығы институтын үздік бітірген. Еңбек жолын бас агрономдықтан бастаған. «Ынтымақ» совхозының директоры. Алакөл аудандық агро-өнеркәсіп бірлестігінің төрағасы. Талдықорған обкомының инспекторы болған. Жасы орда бұзар отыздан асқан оғыланға: «Өп, бәрекелді, жас келсе іске» дегендей, - бір желпініп қалсақ та: «Ойпырым-ай, әсіре ұлтшыл Ю. Кузнецовпен бірлесіп, қызмет атқаруы қалай болар екен?». Танымайтын ел, көріп білмеген жер дегендей. Оның үстіне 1986 жылғы Желтоқсан

екінің бірінде ұшыраспайтын мұндай ізгі адамгершілік қасиетті редакция қабырғасында жүріп, біз де сезіндік. Енді соны жайлап кезек кезегімен таратайықшы.

ІСКЕРЛІК ПЕН  
ЖАҒАШЫЛДЫҚ

Өткен ғасырлардағы тарихи тұлғаларға қатысты әдеби тіркестерде «Батыр жауда, шешен дауда сыналады» деген қолданысқа сүйенсек, басшы істе сыналары бар. Қолында ауданның қыруар қаржысы мен әжептәуір билігі бар құзырлы органның жаңа басшысы қол астындағыдан бөлек өзіне тікелей бағынышты бөлімдер мен әлеуетті саланың жұмысымен мұқият танысты. Басшыларын жеке-жеке қабылдап, істің жай-жапсарына қанықты, мәселенің мәнісіне, шешілмей тұрған мәселеге ден қойды. Аудан тарапынан облыстың жоғарғы органдарынан сұраған көмегі мен өтініші көбіне дерлік оң шешімін тапты. Іс ілгерілеп, көңіл бірленгеннен болар, аз уақыттың ішінде жетекші сала: ауданның қаржы, экономика, ауыл шаруашылығы, сауда, медицина, білім, мәдениет, спорт, құқық қорғау органы, архитектура бөлімдері мен комитет басшылары М.Ниязбеков, Қ.Абдрахманов, Е.Слямов, Г.Пан, Р.Жұмашев, Т.Шәріпбаев, Ж.Сұлтанбеков, Ж.Әлімбетов, В.Анисимов, А.Нам т.б. тегеурінді төрағаның төңірегіне тығыз топтаса бастады. Бұл топтың қатарын қой, құс, ірі қара өсіретін, күріш егетін совхоз бен шаруашылық басшылары: Ө.Ахметов, Қ.Қарашев, Ш.Оспанов, Н.Пак пен іргелі кәсіпорын директорлары Т.Құсмолданов, С.Тайтіков, Ы.Төлегенов және де басқалары толықтырды.

Аудан өмірінің айнасы саналатын газет қызметкерлері де сырт қалмады. Қалың оқырманға жаңалықты дер кезінде жеткізді. Жақсылықты, оң өзгерістерді жария етті, ақпараттық қолдау көрсетті. Тұрсынбай ініміз осылайша төңірегін аз мерзімде таспен емес, тілекші жандармен, жанашыр достармен қоршады. Тілекші дегеннен шығады, әлі есімізде бас хатшы М.Горбачев билік құрған тұстағы



(1985-1991) қайта құрудың дүмпуімен басталған демократиялық жаңғыртудың әсері сол дәуірдегі бірден-бір билік ететін Коммунистік партияның аудандық, қалалық, облыстық деңгейдегі бірінші хатшыларын балама негізде сайлау науқаны белең алды. Құйын жел ағаштың басын теңселтсе, төменгі жапырағының қалтырайтыны бар ғой! Осы үрдіспен 1990 жылдың көктемінде Қаратал аудандық партия комитетінің есеп беру сайлау конференциясы балама негізде өтті. Бұл жолы да азулы хатшы Ю.Кузнецовқа қарсы тұратын, төубесіне келтіретін кандидат, болашағынан мол үміт күттіретін, сол заманның тілімен айтсақ, жүрек жұтқан Тұрсынбай Шантуұлы болды.

Орталарына жаңа ғана келген жас басшының мұндай көзсіз батырлығын жергілікті жердегі ықпалды азаматтардың бірі қолдады, ал екіншісі жақтырмай аяқ тартып қалды. Тұрсынбай болса «Шешінген судан тайынбас» дегендей, алған бетінен қайтпады. Партия конференциясы өте тартысты жағдайда өтті. Ю.Кузнецовтың күні бұрын аузына сөз салып дайындаған жандайшаптары болашақтағы іс-қимыл бағдарламасын жариялаған үміткерге тарпа бас салды. Бірі: «Келе сала, төр менікі дегенің қалай?», «Мансап құмар екенсің», «Аяз би әліңді, құмырсқа жолыңды біл деген», - деп өзеуреді. Міне, нақ осы тұста еділдіктің алдаспаны атанған, білімді де білікті аудан прокуроры Қ. Исабаев адуындап араша түсті. Ол: «Құрметті делегаттар, жерлестер! Ақиық ақын О. Сүлейменовтың «Тауларды аласартпай, даланы асқақтатайық!» деген жалынды сөзін естен шығармаңыздар. Жас еседі,



көтерілісінен кейінгі қазақ кадрларының бойынан ұлтшылдық іздеп, оларға қырғидай тиген кезең. Адамды қаралап, қағаз жазудың шебері атанған бірінші хатшы О.Қосымбековке дейінгі ауортком төрағасы А. Берекелдіұлын жазықсыз кінәлап, жоғарғы жақтың қолдауымен қызметінен тайдырғаны көз алдымызда өтіп еді. Әйтсе де халқымыздың: «Өзі жақсы адамға, бір кісілік орын бар» қағидасына сүйеніп, хал-қадірімізше тілекші әрі жанашыр болуға тырыстық.

Жаңа ортаға имене қосылған ініміз аз уақыттың ішінде аудан активінің үлкенді-кішісімен шебер де ортақ тіл табыса білетіндігімен ерекшеленді. Бастық екенмін деп шіренбейді. Қарапайым да көпшіл. Елдің өтініші мен мүддесіне сергек қарайды. Құрғақ уәдеге, сөзбұйдаға салынушылыққа, бос сөзге мүлдем үйір емес. Істің көзін, шаруаның ебін бір адамдай біледі. Алдына көмек сұрап келгеннің мәселесін бірден шешуге ұмтылады. Жылы қабақ танытады. Оның бойындағы



## ЖЕТИСУ ПЕРЗЕНТТЕРІ

жарлы байиды! Ал оны өсіретін де, өшіретін де мына отырған Сіздерсіздер! Олай болса, әділеттің ақ жібінен аттамаңыздар! - деп басу айтты, сабырға шақырды. Бұл жолы да халқымыздың «Көп ит жеңе ме, көк ит жеңе ме?» - деген нақылы тура келді. Қолдаушысы басым бірінші хатшы әріптесінен 11 дауыс артық жинап, жеңіске жетті. Ал Тұрсынбай ініміз бұл жеңілісінен жасымады. Қайта сын сағатта кімнің кім екенін сезінді, қайраққа, тасқа жаныған шар болаттай жарқылдап, өткірленіп, шыңдала түсті. «Досқа достық парыз іс», - деп Абай атамыз айтқандай, бағын сынап, намысқа шауып, алқа топқа түскенде, жанашыр тірек таба алмай қысылған сәтінде жылы сөзімен жанын жадыратқан, қолтығынан демеген сол ағасы өмірден озғанда (1991) марқұмды ақтық сапарға ардақтап шығарып салу шарасының басы қасында белсеніп өзі жүрді.

## Ю. КУЗНЕЦОВ ПЕН ТИКЕТИРЕС

Асыл дініміздің адастырмас темірқазығы – қасиетті Құранда құдіреті күшті Алланың тоқсан тоғыз көркем есімінің бірі – халық деп айшықталады. Расында да, адамдардың бірлігінен, қауымдастығынан болар халық ұғымы қашан да мәңгілік. Халық – қорған, жойқын күш, сарқылмас қазына. Осыдан шығар, тағылымы мол «Көп қорқытады, терең батырады», «Қалыпқа салма, халыққа сал», «Халық қаласа хан түйесін сояды» мақалы ел тізгінін ұстаған басшы азаматтарға ой салатын, басшылыққа алатын, құндылығы қай қоғамда да үстем түсіп жататын тәмсіл. Әлі есінде, 1990 жылдың басында кіші Ақ үйдің бірінші қабатындағы қызмет кабинетіне Мойнақтың етегін жайлаған, Қаражидеге орныққан Абай атындағы совхоздың мал маманы, жергілікті өлкетанушы Ж. Балшенов бастаған Елтай мен Сарыбұлақ ауылының ақсақалдары (Р.Жақанбаев т.б.) арнайылап келіп, жолығады. Өңгімені әріден бастайды. Қолдарындағы Талдықорған облыстық «Октябрь туы» газетінде жарияланған республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер, Алматы қаласының тұрғыны шежіреші қария Ш.Халықовтың «Көне ескерткіштерге көңіл бөлінсін» (17.09.1988) және аудандық газеттің журналисі Қ.Қарамановтың аталған басылымда жарық көрген «Елім деп өткен тұлғалар» (14.10.1988) мақаласын ұсынады. Өтініштері халықтан, шаруашылықтар мен мекемелерден қайырымдылық мақсатта, ерікті түрде қаржы жинауға жинақ банкісінен арнайы есеп-шот ашуға жәрдемдесу. Жер-жерден жиналған қаржының көмегімен Қаратал өңірінде мәңгілік тұрағын тапқан ел ардақтылары Ескелді, Балпық, Қарымбай әулие, Жолбарыс, Мықтыбек батырдың ескірген зираттарын жаңарту, қазіргі заманғы үлгідегі кесенесін салуды ниет еткендерін айтып, жайып салды. Халық үніне құлақ асуды азаматтық парызы санайтын Тұрсынбай өзінің әкесі іспеттес ақсақалдардың мәселесін жерге қалдырмай: «Ағалар, қабырғаммен кеңесіп, ойланайын. Жоғары басшылардың келісімін алайын, сосын барып, жауабын беремін, аман болыңдар», - деп жылышырай білдіріп, шығарып салды. Алдағы атқарылар іс-шараның талабы - қолданыстағы заңнама мен ережеге сай келетінін анықтап алу мақсатында жақын төңіректегі білікті, тәжірибелі заңгерлермен ақылдасты, заң актілерімен танысты. Түйсініп аңғарғаны, бұл жерде ешқандай заң бұзушылық жоғы. Аппараттағы жауапты хатшы, заманында облыстық деңгейде лауазымды қызмет атқарған, білімді Қ.Мұсанов ағайдың жәрдемімен болашақ шешімнің жобасын дайындатты. Сол кезеңнің тәртібіне сай бірінші хатшының келісімін алу үшін алдынан өтті. Өкінішке қарай, көпшілікке өзін демократиялық көзқарастағы басшымын деп жарнама-лап жүретін, сөзі мен ісі сай келмейтін



Ю.Кузнецов шешімнің жобасымен таныса келе, ашуға мінді, бұлқан-талқан болды. Айтқаны: «Қазақта не көп батыр мен би көп! Оларға халықтық құрмет көрсетіп, бейіттерін жаңартумен шұғылдану біздің қазіргі қайта құру кезеңіндегі айналысатын қызметімізге тосқауыл жасамаса да, қолбайлау жасап, салқынын тигізеді. Сондықтан уақыты келер, асықпайық!» - деп тоқетерін бірақ айтты.

Әйтсе де жас төрағаның: «Қап бәлем! Хатшыға сөзімді өткізе алмадым-ау», - деп ұнжырғысы түспеді. Оңтайлы сәтті күтті. Құланның қасуына, мылтықтың

бюроға қатысқан өз ағайындарымыздың бірде-біреуі араша түсуге жарамады). Бюро шешімін біржолата бекіту үшін, құжатты обкомға жолдады. Ол заманда коммунист басшының қалтасындағы партбилетінің есеп кітапшасына қатаң сөгіс жазылса, оның болашағы кесілді деп саналатын.

Дана халқымыздың «Аққа Құдай жақ», - дегені шындық болып шықты. Тұрсекеңе қазақ ұлтшылдығы дертімен ауырған деп жазғырған жала обкомның сол тұстағы бірінші хатшысы А.С.Жигулин төрағалық еткен бюро отырысында



басуы дегендей, 1990 жылдың басында хатшы кезекті еңбек демалысына шықты. Шалғайдағы курортқа жол тартты. Осы қолайлы сәтті шебер пайдаланған, бастаған елдік істі аяғына жеткізгенше байыз таппайтын Тұрсекең аудандық атқару комитетінің 1990 жылдың ақпанындағы республикалық агро-өнеркәсіп банкінің Үштөбе бөлімшесінен арнайы № 00070260 есеп-шотын ашу («Тарихи ескерткіштер қоры – фонд увековечивания памятников») туралы шешіміне қол қойды. Қорға алғашқылардың бірі болып өзінің бір айлық жалақысын аударды.

Өмір деген қызық қой! Ізгі адамның берекелі ісіне пиғыл ниеті қарау екінші бір адамның қарсы шығып, жоққа шығаратыны бар ғой! Еңбек демалысынан оралғасын айтқанына көнбеген, жоқтығын пайдаланып шешім шығарған төрағаға сұғын қадады. Қол астындағыларға Ғалыновты дереу тұқыртатын қара күйелі құжат дайындатты. Шұғыл түрде аупорткомның бюросын өткізді. Жас басшының бұл әрекетіне «Ескілікті аңсаған, ұлтшылдық сипаты басым», - деген баға беріп, партиялық қатаң сөгіс жариялады. (Қынжылатыны сол,

деген ұйғарым жасады. Осылайша, қазақ кадрларына қырын қарайтын жымсықы Ю.Кузнецовтың кезекті сойқанды шабуылы тойтарылып, тас талқаны шықты.

## АКАДЕМИКТЕН АЛҒАН АЛҒЫС

Әлі есінде, 2015 жылдың аржақ-бержақ шамасы. Облыстық құзырлы мекеменің басшысы кезі. Жұма күні еді. Ұялы телефоны шырылдады. Ар жағындағы кісі өзін академик Еділ Ерғожинмін деп таныстырды. Ескелді әулие кесенесі басында жолығып, әңгімелескісі келетінін айтты. Химия ғылымының докторы, профессор танымал ғалым басымен хабарласып, ілтисат білдірген ағасының сөзін екі етпей сол мезетінде Талдықорған-Үштөбе автожолынан солға бұрылар тұстағы Қызылжар іргесіндегі тоғанға таяу орналасқан Ескелді би кесенесіне келіп жетті. Мұның алдындағы жылдарға қарағанда зәулім кесененің өз басы сәулеттеніп, көріктенген, ажарлана түсіпті. Төңірегіне қылқанды және саялы ағаштар отырғызылған. Жасыл желекті. Төңірегі мен кіре беріс ауыз темір шарбақпен қоршалған. Зиярат етіп келушілерге қолайлы жағдай туғызылған. Құдайы тамақ берілетін шағын бөлмелі үй де тұрмысқа қолайлы етіп жасалыпты. Қасиетті орын қашан да сәулеттеніп, жарқырап тұратыны бар ғой!

Айтқандай, Еділ ағасы елеңдеп, күтіп тұр екен. Тұрсекең жарқылдай амандасып, өзін таныстырды. Ризашылық пейілмен бауырына тартып, құшағына алған академик: «Қош келдің, өзінді көргеніме қуаныштымын. Ендігі өңгімені дастархан басында жалғастырайық», - деп жол бастады. Дастархан басында Құран оқылды. Жеті наннан ауыз тиіп, жайғасып отырғасын: «Атыңа да, Қараталда атқарған іс-қызметіңе де қанықпын. Өзің жайлы жігіттер сүйсініп айтты. «Жақсыны көркем үшін», - деп әулие ата басына шақырып отырған жайым бар. Халқымыздың батыры мен биін, әулиесі мен әмбиесін көзге ілмек түгілі, тыйым салынған Кеңестік дәуірде жүрек жұтқан батырлыққа барып, арнайы қор мен есеп-шот аштыруға шешім қабылдапсың. Даңқты бабаларға құрмет көрсету бағытында Қаратал, Көксу, Ескелді ауданында, Талдықорған қаласында атқарылып жатқан игі істердің бастауы сол батыл қадамда жатса керек. Осы тұрасында өз аузыңнан естіін, қысқаша әңгімелеп берсең деймін», - деді ағамыз. Ыстық ықылас пен ниет танылған сәтте тосылатын Тұрсекең бе?! Үш бірдей ауданға (Бөрлітөбе, Алакөл, Сарқан) басшы, облыс әкімінің орынбасары болған, сөздің тоқетерін айтуға дағдыланған тәжірибесіне сүйеніп, жоғарыда біз баяндаған жағдаятты жүйе-жүйесімен айтты берді. Сөзін бөлмей, аяғына дейін мұқият тыңдаған Еділ аға өңгіме соңында: «Ия, бәрекелді! Бейбіт күннің батыры екенсің ғой! Өркенің өссін!» - деп қолын құшырлана алды. Сүйіспеншілігіміз бен ризашылығымыздың белгісі болсын деп, әулие баба ұрпақтары атынан иығына зерлі шапан жапты. Алғыс сезімін білдірді...

## ТҮЙІН

Ия, қадірменді оқырман, ел игілігі үшін атқарған ісің оң бағаланып, құрметтеліп жатса адамға одан артық бақыттың қажеті де шамалы болар?! Міне, Жетісу өңірінің экономикалық және әлеуметтік тұрғыда өркендеуіне сүбелі үлес қосқан, «Құрмет» орденінің иегері, Алакөл, Сарқан, Қаратал, Ескелді, Талдықорған қаласы және Алматы облысының Құрметті азаматы Тұрсынбай Шантуұлы Ғалынов нақ осындай елдік, мемлекеттік құрметке ие болған абзал да ардақты азамат. Кеңестік тоталитарлық билік үстемдік құрған заманның өзінде де қарағайға қарсы біткен бұтақтай беріспеген, сертке байлаған семсердей жарқылдаған, шарболаттай тас қайраққа қайралған, зіл батпан сынға төтеп берген, қисыннан жол таба білген, жетелі жетпіс жасты меңгеріп, жотасына көтерілген азаматқа, ілтисатты інімізге: «Арқа сүйерің туған халқың, біліммен сусындатқан мемлекетің, сенім артқан берекелі отбасың аман болсын! Қасиетті әулиелер әруағы әрдайым қолдап, жетпесін!» - дегіміз келеді... Ағалық ізгі ниет білдіруші:

КӨКСУ АУДАНЫ

# ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚАСІРЕТІ

Жалғасы. Басы 7-бетте

**16. Бутвиловский Иосиф Брониславович** 1879 жылы Белоруссияда туған, ұлты поляк. Талдықорған облысы қант қызылшасы совхозының жұмысшысы. НКВД-ның шешімімен 13.12.1937 жылы ату жазасына бұйырылған. 12.05.1989 жылы ақталған.

**17. Келбаев Өтеп** 1899 жылы Алматы облысы, Қаратал ауданында туған. Қаражырық колхозының учаскелік технигі. НКВД-ның шешімімен 04.12.1937 жылы ату жазасына бұйырылған. 02.08.1957 жылы ақталған.

**18. Тұрғанбаев Жарқынбек** 1877 жылы Талдықорған облысы, Киров ауданы, Алғабас ауылында туған. Мұрап болып жұмыс істеген. НКВД-ның шешімімен 13.12.1937 жылы ату жазасына бұйырылған. 08.04.1989 жылы ақталған.

**19. Исмаилжанов Закиржан** 1897 жылы Талдықорған облысы, Жаркент қаласында туған, ұлты өзбек. «Еңбекші» колхозының шаруашылық меңгерушісі. Алматы облысы УНКВД-ның шешімімен 10.12.1937 жылы ату жазасына кесілген. Алматы облыстық сотының шешімімен 11.08.1961 жылы ақталған.

**20. Березовский Николай Феликсович** 1896 жылы Киев облысында туған, ұлты поляк. Талдықорған облысы, Мұқаншы колхозының колхозшысы. Алматы облысы УНКВД-ның шешімімен 18.12.1937 жылы ату жазасына бұйырылған. Талдықорған облысы прокуратурасының қорытындысымен 26.04.1989 жылы ақталған.

**21. Скрытцкий Валериан Вячеславович** 1893 жылы Белоруссияда туған, ұлты поляк. Киров ауданының тұрғыны, қант қызылшасы совхозының жұмысшысы. Алматы облысы УНКВД-ның шешімімен 25.12.1937 жылы ату жазасына бұйырылған. Талдықорған облыстық сотының шешімімен 16.05.1959 жылы ақталған.

**22. Гарбовский Король Петрович** Новоград-Волынь ауданында туған, ұлты поляк. Қаратал ауданының «Октябрь» колхозының колхозшысы. Алматы облысы УНКВД-ның шешімімен 29.12.1937 жылы ату жазасына бұйырылған. Прокуратура шешімімен 26.04.1989 жылы ақталған.

**23. Воробьев Иосиф Андреевич** 1895 жылы Талдықорған облысы, Қаратал ауданында туған, ұлты орыс отбасында ағаш шебері. Алматы облысы НКВД-ның шешімімен 13.02.1938 жылы ату жазасына бұйырылған. Талдықорған облыстық прокуратурасының шешімімен 29.08.1958 жылы ақталған.

**24. Чичизаев Керім** 1888 жылы Талдықорған облысы, Жаркент қаласында туған, ұлты дүнген. Куйбышев ауылында колхозшы. Алматы облысы УНКВД-ның шешімімен 02.09.1938 жылы ату жазасына бұйырылған. СССР Жоғарғы сотының шешімімен 16.01.1989 жылы ақталған.

**25. Ким Ир Ган** 1879 жылы Кореяда туған, ұлты көріс. Ленин атындағы колхозында колхозшы. Алматы облысы УНКВД-ның



И. В. СТАЛИН



ФИЛИПП ГОЛОЩЕКИН



ЛЕВОН МИРЗОЯН

шешімімен 07.10.1938 жылы ату жазасына бұйырылған. СССР Жоғарғы сотының шешімімен 16.01.1989 жылы ақталған.

**26. Ли Ден Хо** 1895 жылы Кореяда туған. Қаратал ауданы, Молотов атындағы колхоздың колхозшысы. Алматы облысы УНКВД-ның шешімімен 07.10.1938 жылы ату жазасына кесілген. СССР Жоғарғы сотының шешімімен 16.01.1989 жылы ақталған.

**27. Пак-Ин-Сети** 1893 жылы Чунзын Корея қаласында туған, ұлты көріс. Сталин атындағы колхозында тұрған. Колхозшы. Алматы облысы УНКВД-ның шешімімен 08.10.1938 жылы ату жазасына бұйырылған. СССР Жоғарғы сотының шешімімен 07.01.1961 жылы ақталған.

**28. Лен До Гюн** 1887 жылы Кореяда туған. Ұлты көріс. Қаратал ауданы, Февраль колхозында колхозшы. Алматы облысы УНКВД-ның шешімімен 08.10.1938 жылы ату жазасына бұйырылған. СССР Жоғарғы сотының шешімімен 16.01.1989 жылы ақталған.

**29. Те-Ген** 1899 жылы Кореяда туған, ұлты көріс. Қаратал ауданы «Кум-Арал» колхозында колхозшы. Алматы облысы УНКВД-ның шешімімен 09.10.1938 жылы ату жазасына бұйырылған. СССР Жоғарғы сотының шешімімен 16.01.1989 жылы ақталған.

**30. Санвазов Чан Шичан** Исмаил 1908 жылы туған, ұлты қытай. Куйбышев атындағы колхозында ферма меңгерушісі болып істеген. Алматы облысы УНКВД-ның шешімімен 19.10.1938 жылы ату жазасына бұйырылған. Талдықорған облыстық прокуратурасының шешімімен 26.04.1989 жылы ақталған.

**31. Цой Мен Сик** 1905 жылы Кенги-Дон Корея қаласында туылған. Ұлты көріс. Қаратал ауданы қант заводында етікші. Алматы облысы УНКВД-ның шешімімен 19.10.1938 жылы қамауға алынды.

11.11.1938 жылы ату жазасына бұйырылған. ҚазССР Жоғарғы сотының шешімімен 30.07.1959 жылы ақталған.

**32. Чабанов Максим Федорович** 1896 жылы Харьков облысы, Дмитриевка Богодух ауданында туған, ұлты украин. Сталин атындағы колхозында

тігінші. Алматы облысы УНКВД-ның шешімімен 20.12.1941 жылы ату жазасына бұйырылған. Талдықорған облыстық прокуратурасының шешімімен 06.04.1990 жылы ақталған.

**33. Домбаев Тойтары** 1895 жылы Талдықорған облысы, Қаратал ауданында туған, ұлты қазақ. Молотов колхозында колхозшы. Талдықорған облыстық соттың шешімімен 02.10.1941 жылы ату жазасына бұйырылған. ҚазССР Жоғарғы сотының шешімімен 31.10.1955 жылы ақталған.

**34. Қадырбаев Өсербек** 1891 жылы Талдықорған облысы, Қаратал ауданында туған, ұлты қазақ. Молотов колхозының колхозшысы. Талдықорған облыстық соттың шешімімен 02.10.1941 жылы ату жазасына бұйырылған. ҚазССР Жоғарғы сотының шешімімен 31.10.1955 жылы ақталған.

**35. Мұқашев Құдаш** 1888 жылы Семей облысында Шұбартауда туған. Ұлты қазақ. Каганович атындағы колхозында колхозшы-малшы. Талдықорған облыстық соттың шешімімен 02.10.1941 жылы ату жазасына бұйырылған. ҚазССР Жоғарғы сотының шешімімен 31.10.1955 жылы ақталған.

**36. Ұсабаев Қаймолда** 1900 жылы Талдықорған облысы,

Сарқан ауданында туған, ұлты қазақ. Каганович колхозында колхозшы. Талдықорған облыстық соттың шешімімен 07.10.1941 жылы ату жазасына бұйырылған. ҚазССР Жоғарғы сотының шешімімен 31.10.1955 жылы ақталған.

**37. Цой-Ги-Рен** 1912 жылы Заречье Примор облысында туған, ұлты көріс. Қаратал ауданы, Сталин атындағы колхозында агроном. Талдықорған облыстық соттың шешімімен 02.10.1941 жылы ату жазасына бұйырылған. ҚазССР Жоғарғы сотының шешімімен 25.04.1990 жылы ақталған.

**38. Дәулетпақов Бейсембек** Алматы облысында туған. Ұлты қазақ. Талдықорған облыстық сотының шешімімен 12.12.1941 жылы ату жазасына бұйырылған. ҚазССР Жоғарғы сотының шешімімен 19.08.1942 жылы ақталған.

**39. Сәлімов Дәуіт** 1903 жылы Алматы облысында туған. Ұлты қазақ. Колхоз қойшысы. НКВД СССР шешімімен 07.03.1942 жылы ату жазасына бұйырылған. Алматы облыстық сотының шешімімен 22.08.1958 жылы ақталған.

**40. Сексембаев Ешмұханбет** 1904 жылы Алматы облысы, Қаратал ауданы, Қаражырық колхозында туған. Ұлты қазақ. Колхоз бастығы.

**41. Сексембаев Жұмағали** 1897 жылы Алматы облысы, Қаратал ауданында, Қаражырық колхозында туған. Ұлты қазақ, шаруа.

**42. Рахимов Айбек** 1892 жылы Алматы облысы, Малайсары ауданында туған. Ұлты қазақ. Орта азиялық шаруа.

**43. Сейсенбаев Қадырбай** 1857 жылы Алматы облысы, Қаратал ауданы, Бұрған колхозында туған. Малшы.

**44. Байгоносов Жылқыбай** 1871 жылы Алматы облысы, Қаратал ауданы, Сталин колхозында туған. Ұлты қазақ, малшы.

**45. Байгосинов Қасымхан** 1882 жылы Алматы облысы, Малайсары ауданы №5 ауылында туған. Ұлты қазақ, малшы.

**46. Бейбітов Қали** 1867 жылы Алматы облысы, Қаратал ауданы Бұрған ауылында туған. Ұлты қазақ, малшы.

**47. Жантайлақов Мұхамет-**

жан 1857 жылы Алматы облысында туған. Каганович колхозының малшысы.

**48. Мырзабаев Рахым** 1865 жылы Алматы облысында туған. Ұлты қазақ, шаруа.

**49. Шарықбаев Рашим** 1878 жылы Алматы облысында туған. Ұлты қазақ. Қаратал ауданы, Ленин колхозының малшысы.

**50. Нүсіпов Кәрібай Жасыбайұлы** 1908 жылы Талдықорған облысы, Қаратал ауданы Мұқаншы ауылында дүниеге келген. Ұлты – қазақ. «Ораз» колхозының басқарма бастығы. 09.02.1938 жылы 58-бап бойынша жоғары өлім жазасына кесілген. УНКВД Алматы облысы бойынша сотталған. 14.02.1938 жылы атылған. 29.08.1958 жылы Талдықорған облысының прокуратурасының шешімімен ақталған.

**51. Нүсіпбаев Өксікбай Жасыбайұлы** 1903 жылы Талдықорған облысы, Қаратал ауданы Мұқаншы ауылында дүниеге келген. Ұлты қазақ. Бұрған колхозындағы қой совхозының меңгерушісі. 09.02.1938 жылы 58-10 бабы бойынша өлім жазасына кесілген. УНКВД Алматы облысы бойынша сотталған. 14.02.1938 жылы атылған. 04.05.1989 жылы Талдықорған облысының прокуратурасының шешімімен ақталған.

**52. Меңдібаев Сүйінбай** 1894 жылы Талдықорған облысы, Қаратал ауданы, Мұқаншы ауылында дүниеге келген. Ұлты – қазақ. Ораз колхозының тұрғыны. 09.02.1938 жылы 58-10 бабы бойынша жоғары өлім жазасына кесілген. УНКВД Алматы облысы бойынша сотталған. 21.02.1938 жылы атылған. 16.01.1989 жылы КСРО Жоғарғы Президиумының қаулысымен ақталған.

**53. Шуақбаев Абдрахман** 1895 жылы Талдықорған облысы, Қаратал ауданы Мұқаншы ауылында дүниеге келген. Ұлты – қазақ. «Бұрған» колхозының басқарма бастығы. 09.02.1938 жылы 58-10 бабы бойынша жоғары өлім жазасына кесілген. УНКВД Алматы облысы бойынша сотталған. 14.02.1938 жылы атылған. 15.06.1962 жылы Алматы облысының прокуратурасының шешімімен ақталған.

**54. Қоқымбаев Қасым** 1913 жылы Талдықорған облысы, Қаратал ауданы Мұқаншы ауылында дүниеге келген. Ұлты – қазақ. Өндіріс колхозының тұрғыны. Ауылдық дүкеннің са-тушысы. 09.02.1938 жылы 58-10 бабы бойынша жоғары өлім жазасына кесілген. УНКВД Алматы облысы бойынша сотталған. 16.02.1938 жылы атылған. 03.05.1989 жылы Талдықорған облысының прокуратурасының шешімімен ақталған.

«Тарихи зерттеулерге қарағанда, осы жылдары қызыл қырғында ең көп қаза тапқандар мемлекеттік және қоғам қайраткерлері болды. Ал осы азаттардан соң, біздіңше, ең көп саяси репрессияға ұшыратылғандар – ұлттық ой еңбегінің интеллигенция өкілдері, ал олардың ішінен ең алдымен, ақын-жазушылар болды», - деп жазады тарихшы Жетпіс Талдыбаев.

Дереккөз: «Азалы кітап/ Книга скорби»



Алматы маңындағы Жаңалықтағы қорымға орнатылған ескерткіш

## Бейсенбі - Четверг, 4 маусым

### ХАБАР

05.00, 1.00 «Метод уборщицы»  
Сериал  
07.00 «Оян!»  
09.00 Мультсериал «Турбозавры»  
10.00, 20.00 Телехикая «Эшрефтің арманы»  
12.00 Телехикая «Келінжан»  
13.00 ОйнаQ  
14.00 «Неосеть»  
14.30 Пульс планеты  
14.45 Жер-жаһан  
15.00 «За бортом» Комедия  
17.00 Сериал «Мечта Эшрефа»  
19.00 Новости  
19.30 Жаңалықтар  
22.00 КешРег  
23.00 Худ. фильм «Робокоп-2»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 «Паутина»  
07.10, 09.25 Жаңалықтар  
07.20, 19.00 «Kogemiz-шоу»  
08.20, 10.00 Новости  
08.30 «Жить здорово!»  
09.40 «модный приговор»  
10.45 «давай поженимся!»  
11.45 сериал «Зовите Ерма-лова»  
13.00 «Позднее раскаяние»  
Сериал  
14.10 «жаңалықтар»  
14.20 «новости»  
14.30 «qoslike»  
18.30, 02.55 «Басты жаңалықтар»  
20.00 «Главные новости»  
20.30 сериал «Улицы разбитых фонарей 14»  
01.00 «главные новости»  
01.45 ночной кинотеатр.  
03.20 «Қаймақ»  
03.50 «п@утина»

### КТК

07.05 «Кешкі жаңалықтар»  
07.30 «Әнім сен едің»  
08.10 «Өмір-сынақ», отандық телехикаясы  
09.40 Вечерние новости  
10.20, 03.10 Сериал «Последнее лето»  
12.20 Сериал «Пустые города»  
14.30 «Клан ювелиров» сериал  
16.30 Сериал «дворянка ляля»  
18.30 сериал «однажды в чукурова»  
20.30 кешкі жаңалықтар  
21.00 вечерние новости  
21.40 сериал «клан ювелиров»  
23.40 сериал «Пустые города»  
01.40 сериал «дворянка ляля»  
04.45 «мир сынақ», отандық телехикаясы (қайталау)  
06.05 кешкі жаңалықтар (қайталау)

### ЖЕТИСҮ

07.05 «Әсем әуен»  
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/  
08.50 «Әсем әуен»  
09.00 Жаңалықтар  
09.30 Новости  
10.00 «Әсем әуен»  
10.10 К/ф «Тентек тілшілер»  
10.50 «Еркін қозғалыс»  
11.05 «Әсем әуен»

## Жексенбі - Воскресенье, 7 маусым

### ХАБАР

05.00, 23.15 Сериал «Временно недоступен»  
07.00 «Алғашқы»  
08.00 «Туған ел»  
09.30 «Азамат»  
10.45 «Өмір өрнегі»  
12.00 «Голая правда»  
13.45 М/ф «Диноммама»  
15.00 Тх «Келінжан»  
19.00 «7 күн»  
19.40 «Глобальные события»  
20.00 «Қызық times»  
21.15 Мелодрама «Доброе утро»

### ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.30 «П@утина»  
06.55 «Асау жаңалықтар»  
07.30 Заң мен ел

11.50 «Еркін қозғалыс»  
12.00 «Келін BATTLE» /тікелей эфир/  
14.20 «19 аймақ»  
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир  
15.20 «Агро аймақ»  
15.35 «Жетісу әуендері»  
16.00 Новости/прямой эфир  
16.20 К/ф «Қожайынның балалары»  
17.00 «Әу» де /тікелей эфир  
18.00 «19 регион» /тікелей эфир  
18.40 «Әсем әуен»  
19.30 «Мейірімсіз ұл»  
20.00 «Әсем әуен»  
20.10 Д/ф «Агронаука ресурс или обуза?»  
20.30 Қорытынды жаңалықтар  
21.00 Д/ф «Сенім саммиті»  
21.15 «Әсем әуен»  
21.30 Итоговые новости  
22.00 К/ф «Туған күніңізбен, Анашым»  
22.40 «Әсем әуен»  
23.10 «Біздің толқын»

### 31 КАНАЛ

05.58 06.00, 04.00 «Әзіл студио»  
06.30, 05.20 «Ризамын» ойын-сауық  
07.00 «Информбюро»  
08.00 «МЭКСономика»  
08.10 «TikTok» show  
08.30 Мультсериал «Аватар: Легенда об Аанге»  
09.00 Мультсериал «Губка Боб»  
09.30 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»  
10.00 Мультсериал «Кунг-фу Панда»  
10.20 «Повелитель стихий»  
12.20 Боевик «Неудержимые»  
14.30, 17.30 «Индиана Джонс» Боевик  
20.00 Информбюро (рус., каз.)  
21.00 Боевик «Неудержимые-3»  
23.30 «Телефонная будка»  
Триллер  
01.10 «31 әзіл» ойын-сауық  
02.40 «Time Vine» ойын-сауық  
03.00 «Tik Tok show» ойын-сауық  
03.20, 05.00 «What's up» ойын-сауық  
04.20 «1001 Әзіл»  
04.30 Телевикторина

### 7 КАНАЛ

06.02 Телехикая  
07.00, 22.00 Телехикая «Үзілген жапырақтар»  
08.50, 23.30 Телехикая «Тәуіп Хо Жун»  
10.00 «Үздік әзілдер». Әзіл-сықақ бағдарлама  
11.00, 12.00, 17.00, 18.30, 01.45 Телесериал  
13.00 Телехикая «Қайсар жүрек»  
14.00 Телехикая «Тақиясыз періште»  
16.00 Мультсериал «Пенгвиненок Пороро»  
16.30 «Ну, погоди» М/ф  
18.00 Жаңалықтар  
19.30 Новости  
20.00 Сериал «Ветренный»  
21.00 Сериал «Далекий город»  
00.45, 04.55 Жаңалықтар  
01.15, 05.20 Новости  
03.15 Гүл-гүл шоу  
03.55 Жарқыраған жұлдыз  
04.25 Жұлдызды шаңырақта

### КТК

07.05 «Жан ана». Мақпал Жүнісованың ән кеші  
09.00, 00.50 К/ф «Жалған»  
10.30 Сериал «Изгой. Нечисть»

## Жұма - Пятница, 5 маусым

### ХАБАР

05.00, 01.00 Сериал «Метод уборщицы»  
07.00 «Оян!»  
09.00 М/с «Турбозавры»  
10.00, 20.00 Тх «Эшрефтің арманы»  
12.00 Тх «Келінжан»  
13.00 «ОйнаQ»  
14.00 «Арнайы репортаж»  
14.30 «Пульс планеты»  
14.45 «Жер-жаһан»  
15.00 Мелодрама «Девушка моих кошмаров»  
17.00 Сериал «Мечта Эшфера»  
19.00 Новости  
19.30 Жаңалықтар  
22.00 «Қоғам пікірі»  
23.00 Мелодрама «Друг невесты»

### ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.35 «П@утина»  
07.10 «Жаңалықтар»  
07.20 «Kogemiz show»  
08.20 «Новости»  
08.30 «Жить здорово!»  
09.35 «Жаңалықтар»  
09.40 «Модный приговор»  
10.30 «Новости»  
10.45 «Давай поженимся!»  
11.45 Сериал «Зовите Ерма-лова!»  
13.00 Сериал «Позднее раскаяние»  
14.10 «Жаңалықтар»  
14.20 «Новости»  
14.30 «QOSLIKE»  
18.30 «Басты жаңалықтар»  
19.00 «Kogemiz show»  
20.00 «Главные новости»  
20.30 «Парламент online»  
20.55 «Поле чудес»  
22.25 Сериал «Синичка-4»  
03.10 «Басты жаңалықтар»

### КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар  
07.30 «Әнім сен едің»  
08.10 Тх «Өмір-сынақ»  
09.40 Вечерние новости  
10.20 Сериал «Последнее лето»  
12.20 Сериал «Пустые города»  
14.30 Сериал «Клан ювелиров»  
16.30 Сериал «Дворянка ЛЯЛЯ»  
18.30 Сериал «Однажды в Чукурова»  
20.30 Кешкі жаңалықтар  
21.00 Вечерние новости  
21.40 Сериал «Изгой»  
01.00 Сериал «Дворянка ЛЯЛЯ»  
02.30 Сериал «Последнее лето»  
04.00 Тх «Өмір-сынақ»  
05.20 Кешкі жаңалықтар  
05.45 «Әнім сен едің»

### ЖЕТИСҮ

07.05 «Әсем әуен»  
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/  
08.50 «Әсем әуен»  
09.00 Жаңалықтар  
09.30 Новости

14.00 Сериал «Однажды в Чукурова»  
19.10, 02.10 «18-25» Рахымжан Жақайымның ән кеші  
03.30 «КТК қоржыны»  
04.40 «Әнім сен едің»

### ЖЕТИСҮ

07.05 «Әсем әуен»  
09.00 «Апта» (каз)  
10.00 «Апта» (рус)  
10.50 «Еркін қозғалыс»  
11.00 «Шашу»  
11.35 «Жетісу әуендері»  
11.50 «Еркін қозғалыс»  
12.00 «DARA LINE»  
12.45 «Әсем әуен»  
13.40 «Дала сыры»  
14.00 «Келін BATTLE»  
16.15 «Әсем әуен»

09.55 Ауа райы  
10.00 «Әсем әуен»  
10.10 К/ф «Өз үйім өлең төсегім»  
10.50 «Еркін қозғалыс»  
11.05 «Әсем әуен»  
11.50 «Еркін қозғалыс»  
12.00 «Әу» де»  
12.40 «Әсем әуен»  
13.05 «19 регион»  
13.40 «DARA LINE»  
14.30 «Айтыс»  
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир  
15.20 «Әсем әуен»  
16.00 Новости/прямой эфир  
16.20 К/ф «Туған күніңізбен, Анашым»  
17.00 «Бір шәугім шай»  
17.30 «Әсем әуен»  
18.00 «Мақсатына жеткендер»  
18.30 «Жетісу әуендері»  
19.00 «Жетісу жақұты»  
19.35 «102» соощаает»  
20.00 «Әсем әуен»  
20.05 Д/ф «Су»  
20.30 Қорытынды жаңалықтар  
21.00 Д/ф «Сеть ненависти»  
21.20 «Әсем әуен»  
21.30 Итоговые новости  
22.00 «Келін BATTLE»

### 31 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Әзіл студио»  
06.30, 05.20 «Ризамын»  
07.00, 20.00 Информбюро  
08.00, 01.30 «31 Әзіл»  
09.00 М/с «Аватар: Легенда об Аанге»  
09.30 М/с «Губка Боб»  
10.40 М/с «Пингвины Мадагаскара»  
11.30 М/с «Кунг-фу Панда»  
12.20 Боевик «Индиана Джонс и Королевство хрустального черепа»  
15.00 Боевик «Неудержимые-3»  
17.40 Боевик «Дивергент-3. За стеной»  
21.00 Боевик «Падение Луны»  
23.40 Боевик «Стрит. Бейся до конца»  
02.40 «Time Vine»  
03.00 «TikTok show»  
03.20, 05.00 «What's up?»  
04.00 «Әзіл студио»  
04.20 «1001 әзіл»  
04.30 «Bala BATTLE»

### 7 КАНАЛ

06.00 Тх «Ата-ана, бала-шаға»  
07.00, 22.00 Тх «Үзілген жапырақтар»  
08.50, 23.30 Тх «Тәуіп Хо Жун»  
10.00 «Үздік әзілдер»  
11.00, 17.00, 18.30, 01.45 Сериал  
13.00 Тх «Қайсар жүрек»  
14.00 Тх «Тақиясыз періште»  
16.00 М/с «Пингвиненок Пороро»  
16.30 М/с «Ну, Погоди»  
18.00 Жаңалықтар  
19.30 Новости  
20.00 Сериал «Ветренный»  
21.00 Сериал «Далекий город»  
00.45, 04.55 Жаңалықтар  
01.15, 05.20 Новости  
02.45 «Гүл-гүл шоу»  
03.25 «Жарқыраған жұлдыз»  
04.15 «Жұлдызды шаңырақта»

### 31 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Әзіл студио»  
07.00, 01.20 «31 әзіл»  
07.30 «Тәтті шоу»  
08.00 М/с «Аватар: Легенда об Аанге»

## Сенбі - Суббота, 6 маусым

### ХАБАР

05.00, 23.40 Сериал «Метод уборщицы»  
07.00 «Алғашқы»  
08.00 «Жолдар, жолдар». Жұбаныш Жексенұлының шығармашылық кеші  
09.30 «Балам үшін»  
10.00 Creative Qazaqstan  
10.25 М/ф «Мармадюк»  
11.45 М/с «Турбозавры»  
12.10 Мелодрама «Друг невесты»  
14.00 «XXI ғасыр көшбасшысы»  
15.15 «Қызық times»  
16.30 Тх «Келінжан»  
19.00 «7 күн»  
19.40 «Жұмыр жер»  
20.00 «Cover show»  
22.00 Мелодрама «Голая правда»

### ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.35 «П@утина»  
07.05 Главные новости  
07.45 «Парламент Online»  
08.10 Фильм «Чертов камень. Семеро смелых»  
10.25 Сериал «Забывтый ангел»  
15.00 «QOSLIKE»  
17.50 Фильм «Родной»  
20.00 «Асау жаңалықтар»  
20.35 «Заң мен ел»  
21.00 Сериал «Первые встречи»  
01.50 Комедия «Без особых примет»

### КТК

07.05, 03.50 «Әнім сен едің»  
07.20, 00.20 К/ф «Сенсіз өмір бос»  
09.50 Вечерние новости  
10.30 Сериал «Изгой»  
14.00 Сериал «Однажды в Чукурова»  
18.10, 01.40 «Жан ана». Мақпал Жүнісованың ән кеші  
21.00 Сериал «Изгой. Нечисть»

### ЖЕТИСҮ

07.05 «Әсем әуен»  
07.30 «Таңжарық»  
08.50 «Әсем әуен»  
09.30 Жаңалықтар  
09.30 Новости  
10.00 «Әсем әуен»  
10.10 К/ф «Бала болғым келеді»  
10.50 «Еркін қозғалыс»  
11.05 «Әсем әуен»  
11.50 «Еркін қозғалыс»  
12.00 «Біздің толқын»  
12.50 «Әсем әуен»  
13.00 «Мақсатына жеткен»

08.50 М/с «Губка Боб»  
09.20 «Готовим» с Адель  
10.00 «TeleBingo»  
10.30 «Күліп All»  
11.00 Саумал  
11.20, 03.00 «TikTok show»  
11.30 А/ф «Доктор Динозавров»  
13.30 А/ф «Конь Юлий и большие скачки»  
15.20 Фэнтези «Хоббит. Нежданное путешествие»  
19.00 Боевик «Мстители. Эра Альтрона»  
21.50 Боевик «Завтра не умрет никогда»  
23.30 Боевик «Падение Луны»  
03.30 «Time Vine»  
03.50 «1001 әзіл»  
04.00 «BALA BATTLE»  
04.30 «What's up?»  
05.30 «Ризамын»

дер»  
13.35 «Әсем әуен»  
14.00 «Жетісу жақұты»  
14.35 «102» соощаает»  
15.00 «Аман болайық»  
15.40 «Әсем әуен»  
16.35 Д/ф «Орта дәліз»  
17.00 «Шашу»  
17.40 «Ауылдан адам көшкенмен...»  
18.00 «Абадан»  
18.20 «Тарихнама»  
18.30 «Әсем әуен»  
19.00 «Әу» де»  
19.50 «Апа»  
20.00 «Дала сыры»  
20.15 «Әсем әуен»  
20.30 «Апта»  
21.30 «Апта»  
22.30 Д/ф «Жауынгер»  
23.00 «Әсем әуен»

### 31 КАНАЛ

06.00, 04.40 Әзіл студио  
07.00 «Күліп All»  
07.30 «Тәтті шоу»  
08.20 М/с «Аватар: Легенда об Аанге»  
09.10 М/с «Пингвины мадагаскара»  
10.00 «Готовим» с Адель  
10.40, 11.20 «Қайрат пен Қанат»  
11.00 Саумал  
13.00 Комедия «Адал алаяқтар»  
15.00 А/ф «Доктор Динозавров»  
17.00 А/ф «Конь Юлий и большие скачки»  
18.40 Фэнтези «Хоббит. Нежданное путешествие»  
22.00 Боевик «Мстители. Эра Альтрона»  
01.00 «Bizdin show»  
02.30 «31 әзіл»  
03.30 Time Vine  
04.00 «Тамаша Live»  
04.40 «Әзіл студио»  
05.00 «1001 Әзіл»  
05.10 «Bala Battle»  
05.30 Whats up

### 7 КАНАЛ

06.00 Әзілің жарасса  
07.00, 22.00 Тх «Үзілген жапырақтар»  
09.00, 17.00 Сериал  
13.00 «Жетінші студия»  
14.00 «Алдараспан»  
14.40 Фильм «Вторая молодость»  
20.00 Сериал «Ветренный»  
21.00 Сериал «Далекий город»  
23.30 «Шымкент-шоу»  
01.40 «Гүл-гүл шоу»  
03.30 «Әйгерім Сейфолланың сырласуы»  
04.20 Жұлдызды шаңырақта  
05.00 Қызықты weekend

### 7 КАНАЛ

06.00 Әзілің жарасса  
07.00, 22.00 Тх «Үзілген жапырақтар»  
09.00, 17.00 Сериал  
13.00 «Жетінші студия»  
14.00 «Жарқыраған жұлдыз»  
15.00, 23.30 «Шымкент шоу»  
20.00 Сериал «Ветренный»  
21.00 Сериал «Далекий город»  
01.30 «Гүл-гүл шоу»  
02.30 «Әйгерім Сейфолланың сырласуы»  
03.20 «Жарқыраған жұлдыз»  
04.10 «Жұлдызды шаңырақта»  
05.00 Қызықты weekend

## ҚОС ҚАНАТ ЖЕТІСУ

ДЕНСАУЛЫҚТЫ  
НЫҒАЙТУҒА АРНАЛҒАН  
ТАҒАМДАР

Иммунитет (лат. Immunitas – босату, құтылу) – ағзаның зиянды микроорганизмдерден арылу қабілеті. Ол біздің денсаулығымызды сақтай отырып, ауруға қарсы тұру қабілетін көтереді. Иммунитет – бұл дененің қорғаныс функциялары. Иммунитетті күшейтетін және төмендететін факторларды білу маңызды. Иммунитет деңгейіне әсер ететін негізгі факторлар: тамақтану, стресс деңгейі (эмоционалды жағдай), ұйқы, физикалық белсенділік, жаман әдеттер, дұрыс өмір салты, қоршаған орта. Тамақтану – иммунитеттің маңызды факторларының бірі. Біздің денсаулығымыз 80%-ға, өмір салтына байланысты, соның ішінде тамақтануға байланысты екенін дәлелдейтін зерттеулер бар. Тамақтану арқылы иммунитетті нығайту үшін ол теңдестірілген және пайдалы заттармен қаныққан тамақтану болу керек. Дене ақуыздарды, майларды және көмірсуларды қажетті мөлшерде алу керек. Иммунитетті сақтауда витаминдер мен Омега-3 май қышқылдары маңызды рөл атқарады. Бірден айта кетейік, витаминдер мен май қышқылдары бар биологиялық қоспаларды қосымша қолдану медициналық қан анализінен кейін, нутрициолог дәрігердің немесе терапевтің ұсынысы бойынша болуы керек. Бұл талдаулар қандай қосымша дәрумендер мен микроэлементтерді қосу керектігін көрсетеді. Әдетте, иммунитетті сақтау үшін витаминдер мен микроэлементтердің барлық кешенін дәрумендер мен минералдардың қосымша қоспаларынсыз дұрыс тамақтанудан алуға болады.

Иммунитетке арналған ең жақсы тағамдар:

Кез келген жидектер мен барлық цитрус жемістері (олардың құрамында қажетті дәрумендер бар);

Сарымсақ пен пияз: құрамында вирустар мен микробтармен күресетін фитонцидтер бар;

Зімбір: қабынуға қарсы әсері бар, қорғанысты арттырады; Майлы балық: Скумбрия, майшабақ, лосось, тунец құрамында иммунитетке қажетті D дәрумені мен май қышқылдары бар;

Тұздалған қырыққабат: ішек пробиотиктері мен С витаминінің көзі;

Жейтін шөптер мен кез келген көкөністер: (олардың құрамында дәрумендер мен ішектің жұмысына қажетті талшықтар бар);

Жаңғақтар мен дәндер: кез келген жаңғақ пен дәндер, мысалы шемішке дәндері пайдалы, асқабақ дәндері (чиа дәндерін жеу міндетті емес, бұл маркетингтік амалдар) жаңғақтарда иммунитетке қажетті май қышқылдары мен мырыш бар;

Сүт өнімдері: йогурт, сүзбе, айран құрамында микрофлора қалыпқа келтіретін лакто және бифидобактериялар бар;

Бал және ара өнімдері: прополис пен балдың бактерияға қарсы қасиеттері бар.

Әртүрлі тамақ жеуге тырсыңыз: көкөністер мен жемістер әртүрлі түстерде болуы керек.

Дұрыс өңдеу: витаминдерді сақтау үшін жаңа піскен тағамдарды немесе минималды термиялық өңдеуді (көп қайнатпау керек) қолданған дұрыс.

ДИЕТА ТУРАЛЫ АҢЫЗ  
БЕН ШЫНДЫҚ

«Диета» сөзі гректің *diata* – «өмір салты» сөзінен шыққан. Сондықтан диета – бұл адамның белгілі бір өмір салтын көрсетеді. Ол белгілі бір тамақтану режимін (теңдестірілген тамақтану) және физикалық белсенділікті қамтиды. «Диета» ұғымының медициналық аспектісі әртүрлі аурулары бар адамдарға арналған емдік және сауықтыру диетасын қамтиды. Диетаны тез арықтау үшін белгілі бір тағамдарды қысқа мерзімді шектеу немесе тыйым салу ретінде жалпы, заманауи қабылдау – диетаның мәнін қате түсіну.

## Аңыздар мен шындық

Майды «жағатын» тағамдарды жеу керек (мысалы, ананас, грейпфрут). Өздігінен майды жағатын (жоятын) өнім жоқ. Майдың жиналуы мен кетуі кіретін энергия мен оның ағзаға шығыны арасындағы тепе-теңдікпен реттеледі (тұтынылатын тағам мөлшері физикалық белсенділік деңгейіне сәйкес келуі керек).

Аштық – салмақ жоғалтудың ең тиімді әдісі. Аштық, әсіресе ұзақ уақыт тамақ жемей, аштық сақтау тез салмақ жоғалтуға әкелуі мүмкін. Алайда, салмақ жоғалтудың бұл әдісі организм үшін қауіпті. Өйткені бұл маңызды қоректік заттардың жетіспеушілігіне, метаболизмнің баяулауына және бұлшықет жоғалуына әкеледі. Сондай-ақ, аштық сақтау белгілі бір аурулары бар адамдарға жарамайды (асқазан-ішек аурулары, қант диабеті және т.б.). Қазіргі зерттеулер көрсеткендей, қысқа мерзімді тамақ ішпеу, тұрақты (аптасына 1 күн) денеге жағымды әсер етуі мүмкін. Бірақ дәрігерлердің ұсынысы мен бақылауы бойынша ғана.

Көмірсулардан толығымен бас тарту керек (нан, макарон, күріш және т.б.).

Көмірсулар ми мен бұлшықет үшін негізгі энергия көзі. Көмірсулардан толығымен бас тарту мүмкін емес, жалпы диеталардағы көмірсулардың дұрыс пропорцияларын сақтау керек, сонымен қатар дөңді дақылдарға артықшылық беру керек.

Тәттілерді, кондитерлік өнімдерді және т.б. тұтынуда өзіңді қатаң шектемеу керек.

Мұндай қатаң шектеулердің бірқатар жағымсыз салдары бар: «кшыдамай, шектеуден шығып кету», содан кейін сіздің салмағыңыз оралады, эмоционалды стресс, зиянды тамақтану әдеттерін қалыптастыру (басқа тағамдарды шамадан тыс жеп қою, невроздық анорексия дамуы және т.б.). Қатаң шектеулердің орнына тұтынылатын тағамның жалпы көлемін, теңдестірілген тамақтануды ескере отырып, қалыпты тұтыну қажет.

ДҰРЫС ТАМАҚТАНУДЫҢ  
АУРУДЫҢ АЛДЫН  
АЛУДАҒЫ РӨЛІ

Бүгінде әлемде дұрыс тамақтану тақырыбы өзекті бола тұсында. Көптеген адамдар дұрыс тамақтану денсаулықтың негізі екенін түсінеді. Дұрыс тамақтану жүрек-қан тамырлары аурулары, қант диабеті және артық салмақ және т. б. сияқты көптеген патологиялардың алдын алуға шешуші рөл атқарады.

Алайда, халыққа дұрыс тамақтану дегеніміз не екендігі туралы сенімді ақпарат жетіспейді. Көптеген мифтер бар: мысалы, тек майсыз тағамдарды тұтыну керек, дұрыс тамақтану үлкен шығындарды талап етеді немесе 18:00-ден кейін тамақ жеуге болмайды т.с.с..

Сондықтан республикамыздың, атап айтқанда, облысымыздың тұрғындары арасында салауатты өмір салты мен дұрыс тамақтану қағидаттарын ашатын ауқымды ақпараттық іс-шаралар өткізу өте маңызды. Осындай іс-шаралардың бірі жақында Талдықорған қаласында өтті.

2026 жылдың 30 сәуірінде дұрыс тамақтану мәдениетіне арналған қоғамдық іс-шара өтті. «ҚОС ҚАНАТ ЖЕТІСУ» қоғамдық бірлестігі «денсаулыққа жол: шынайы өмір және практикалық кеңестер» тақырыбында мастер-класс ұйымдастырды.

Іс-шара «денсаулық және тамақтану» ауқымды жобасын іске асыру аясында ұйымдастырылды. Халық арасында дұрыс тамақтануды насихаттау. Бұл бастама мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде «Жетісу облысының Денсаулық сақтау басқармасы» МБ қолдауымен іске асырылды. Кездесудің негізгі міндеті құрғақ фактілерді жеткізу ғана емес, өңір тұрғындарының дұрыс тамақтануға көшуіне тұрақты мотивация қалыптастыру болды. Ұйымдастырушылар сараптамалық білім нақты өмірлік тәжірибемен қиылысатын ортаны құруға тырысты.

Қоғамдық денсаулық сақтау дәрігері және СӨС кабинетінің сарапшысы Р. Д. Далелханов дұрыс тамақтану принциптерін қолжетімді түрде ашты. Дәрісінде ол теңдестірілген тамақтанудың құрылымын егжей-тегжейлі ұсынды, диеталар туралы танымал мифтерді жоққа шығарды және қолжетімді жергілікті тағамдардан толық мәзірді қалай жасау керектігін түсіндірді.

Психология магистрі А.Т.Байбулатова жеке мысалда салмақ жоғалту тек физикалық ғана емес, сонымен бірге терең психологиялық процесс екенін көрсетті. Оның өнімділігі тәртіп пен дұрыс көзқарас өмірді өзгертуге қабілетті екенін дәлелдеп, қатысушылар үшін ынталандыру болды.

Теория әдеттен тыс диеталық кофе-брейкке негізделді. Қатысушылар пайдалы тағамдардың дәмін татып қана қоймай, оларды дайындаудың құпияларын біліп, дұрыс тамақтану шынымен дәмді және алуан түрлі және арзан болатынына көз жеткізді. Мастер-класс әртүрлі жастағы адамдарды біріктірді: дені сау денеге алғашқы қадамдар жасайтындардан бастап, тәжірибесі барларға дейін және пікірлес адамдарға қолдау іздегендерге дейін. «Сұрақ-жауап» форматындағы тікелей байланыс әрбір қатысушыға облыстың жетекші мамандарынан атаулы кеңес алуға мүмкіндік берді.

## ҚОРШАҒАН ОРТА

МАРАЛДАРДЫ ҚОРҒАУ –  
ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ

2026 жылдың 19 мамыры мен 30 маусымы аралығында маралдарды браконьерліктен қорғау жұмыстары күшейтілуде. Қазіргі уақытта маралдардың мүйізі жетілу кезеңінде болғандықтан, олар ерекше қорғауды қажет етеді. Осы мезгілде заңсыз аң аулау табиғатқа зор зиян келтіріп, жануарлар санының азаюына әкелуі мүмкін.

Орман шаруашылығы қызметкерлері тарапынан маралдар мекендейтін алқаптарда рейдтік іс-шаралар ұйымдастырылып, табиғатты қорғау талаптарын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Азаматтарды заңсыз аң аулаудан бас тартуға және табиғатты қорғауға шақырамыз.

Табиғатты қорғау – әр адамның азаматтық борышы. Маралды сақтау арқылы біз болашақ ұрпаққа табиғат байлығын аман жеткіземіз.

Мәди ТӨЛЕПБЕКОВ,

КММ Талдықорған орман шаруашылығының орман шебері

## ТАБИҒАТТЫ АЯЛАЙЫҚ

Қазіргі таңда қоршаған ортаның ластануы, ормандардың азаюы, өзен-көлдердің былғануы – бүкіл әлемді алаңдатып отырған мәселе. Қоқысты кез келген жерге тастап, табиғатқа немқұрайлы қарауымыз табиғатқа үлкен зиянын тигізеді, ал табиғатқа жасалған қиянат – болашақ ұрпаққа жасалған зиян.

Әр адам күнделікті өмірде табиғатты қорғауға өз үлесін қоса алады. Мысалы, ағаш отырғызу, суды үнемдеу, қоқысты арнайы орындарға тастау, жануарлар мен құстарға қамқор болу – табиғатты қорғаудың қарапайым жолдары. Егер әр адам табиғатқа жанашырлықпен қараса, жеріміз таза әрі көркем болар еді. «Бір тал кессен, он тал ек» деген макалдың өзі табиғатты қорғауға үндейді. Табиғат – біздің ортақ үйіміз. Оны таза сақтау – баршамыздың міндетіміз. Табиғатты қорғау – болашақты қорғау екенін ұмытпауымыз керек. Табиғатты аялап, қоршаған ортаға қамқорлықпен қарайық!

Болат НҮСІПОВ,

Қапал Орман шаруашылығы 14-ші айналымның орман күтушісі

## ЗАҢ

Дыбыс пен бейне алдамайды: Сот сарапшысы жұмысының құпиясы қандай?

СОТ – ВИДЕОФОНОГРАФИЯЛЫҚ  
САРАПТАМАСЫ

Бүгінгі таңда кез келген сот процесінде смартфонға жазылған аудиожазба немесе бейнекамераның таспасы ең салмақты айғаққа айналды. Бірақ заң алдында бұл файлдардың шынайылығын қалай дәлелдейміз? Дауыс нақты айыпталушының екенін, ал жазбаның монтаждалмағанын қайдан білеміз? Міне, осы тұста бізге, сот-видеофонографиялық сараптама мамандарына үлкен жауапкершілік жүктеледі.

Біздің жұмысымыз бір қарағанда қарапайым көрінгенімен, артында қыруар ғылыми зерттеу жатыр. Сарапшының алдында үш үлкен міндет тұрады. Біріншісі – тұлғаны дауысы бойынша тану. Әр адамның сөйлеу мәнері, интонациясы, тіпті дыбыстарды айтудағы өзіндік кемшіліктері, саусақ ізі сияқты қайталанбас ерекшелікке ие. Екіншісі – жазбаның тазалығы мен түпнұсқалығын тексеру. Файлдан бір сөз өшірілді ме, әлде екі бөлек жазба желімделіп, монтаждалды ма – мұның бәрін арнайы құрылғылар бірден анықтайды. Үшіншісі – мәтінді анықтау. Көбіне сыбайлас жемқорлық немесе қоқан-лоқы көрсету істерінде жазбалар өте сапасыз, шулы болып келеді. Біз сол шуды (көлік дауысын, желді) сүзгіден өткізіп, тазартып, жасырын сөздерді сөзбе-сөз қағазға түсіреміз.

Қазақстанда бұл жұмыстың өз қиындығы мен қызығы бар. Ол – қос тілділік (билингвизм) факторы. Біздің азаматтарымыз күнделікті

өмірде қазақша да, орысша араластырып та сөйлей береді. Сондықтан бізге тек техниканы меңгеру аздық етеді, тіл білімін де қатар алып жүруіміз керек. Қазақ тілінің өзіндік үндестік заңы, Ә, Ғ, Қ, Ң, Ә, Ұ, Ү сияқты төл дыбыстарының айтылу ерекшелігі, тіпті өңірлік диалектілер (мысалы, оңтүстік пен батыс, шығыс пен бейнежазбадағы сөйлеу өзгешеліктері) зерттеу барысында міндетті түрде ескеріледі.

Қазіргі таңда біздің салаға үлкен сын қатер келді, ол – жасанды интеллект және дипфейк (deepfake) технологиялары. Нейрожелілер кез келген адамның дауысын айнытпай салып, жалған видео жасап бере алатын деңгейге жетті. Алайда, заман ағымына сай біз де қаруланып жатырмыз. Жасанды интеллект қанша жерден шебер болса да, оның дыбысы «математикалық тұрғыдан тым таза» болады. Ал тірі адам сөйлегенде дем алады, толқиды, кездейсоқ кідіреді, оның үстіне біз файлдарды ішкі кодтары (метадеректер) деңгейінде тексеріп, ауытқуларды бірден табамыз.

Технология қаншалықты жылдам дамыса, біз де уақыттан қалмай, жаңа әдістемелерді енгізіп келеміз. Мақсатымыз біреу – сот алдында тек шынайы, бұрмаланбаған айғақтардың ғана тұруын қамтамасыз ету және әділдіктің орнауына септігімізді тигізу.

Ж.Н. БАТЫРШАЕВ

## «ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА» БАҒДАРЛАМАСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕРІНЕ АРНАЛҒАН НЫСАНАЛЫ ТАЛАПТАР МЕН ЖИНАҚТАРҒА ҚАТЫСТЫ АҚПАРАТ

Заңды өкілдер тарапынан eGov.kz электрондық үкімет порталындағы жеке кабинетте, сондай-ақ eGov Mobile және екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшаларында 2025 есепті жылы балаларына есептелген нысаналы талаптар туралы ақпараттың көрсетілмеуі мәселесі бойынша өтініштердің түсуіне орай БЖЗҚ аталған жағдай келесі себептерге байланысты болуы мүмкін екенін хабарлайды:

1. Мобильді қосымшаларда құжаттар жаңартылмаған. Ақпараттың дұрыс көрсетілуі үшін келесі амалды орындау қажет:

- eGov Mobile қосымшасында: «цифрлық құжаттар» - «отбасы» - «құжаттар тізімін жаңарту» - «Ұлттық қордан есептеулер»;
- екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшаларында, мысалы Kaspi.kz: «Мемлекеттік қызметтер» - «барлық құжаттар» - «құжаттар тізімін жаңарту» - «Ұлттық қордан есептеулер».

2. Биыл 18 жасқа толған немесе толатын балаларға нысаналы талаптарды есептеу туралы мәліметтер көрінбейді. Бұл жағдайда ақпарат заңды өкілдің жеке кабинетінде көрсетілмейді, себебі нысаналы талаптар нысаналы жинақтар (НЖ) мәртебесіне ие болды және енді НЖ туралы мәліметтерге қол жеткізу құқығы оларды алушыға (2026 жылы 18 жасқа толған немесе толатын азамат) тікелей қолжетімді болады.

Естеріңізге сала кетейік, есепті жылы 18 жасқа толатын азаматтардың нысаналы талаптары НЖ-ға

айналады және жыл басында олардың БЖЗҚ-дағы нысаналы жинақтау шоттарына (НЖШ) автоматты түрде АҚШ долларымен есептеледі. 18 жасқа толған күннен бастап жастар өздерінің нысаналы жинақтарын тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және/немесе білім алуға пайдалануға немесе болашаққа зейнетақы жинақтары ретінде сақтауға құқылы.

Бұл ретте НЖ алушылар өздерінің НЖ туралы ақпаратты БЖЗҚ-ның немесе электрондық үкіметтің интернет-ресурстарындағы жеке кабинеті арқылы өздері алуға тиіс. БЖЗҚ қазақстандық заңнамаға сәйкес НЖШ-дағы қалдықтар мен ақша қозғалысы туралы мәліметтерді қоса алғанда, НЖ құпиялылығына кепілдік береді.

БЖЗҚ балалардың заңды өкілдеріне цифрлық құжаттарды мобильді қосымшаларда уақытылы жаңарту, сондай-ақ кәмететке толған азаматтарға НЖ туралы ақпаратқа оны пайдаланушылардың өздері ғана қол жеткізе алатындығын түсіндіру қажет екенін еске салады.

Баланың бағдарламаға қатысу фактісі және 18 жасқа дейінгі балаларға есептелген нысаналы талаптар туралы ақпаратты кәмететке толмаған азаматтың ата-аналары немесе басқа да заңды өкілдері баланың ЖСН бойынша kids.enpf.kz сайтынан тексере алады, мұнда бағдарламаның шарттарымен, нұсқаулықтармен, сондай-ақ қызықтырған сұрақтардың жауаптарымен танысуға мүмкіндік бар.

## ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДА ЕРІКТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫ ЕСЕБІНЕН ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ ТАҒАЙЫНДАЛАДЫ

Ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы және БЖЗҚ-ның зейнетақы қағидаларында айқындалған тәртіппен ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды көздейтін Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне енгізілген өзгерістерге сәйкес 2026 жылғы наурыздан бастап БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар, бұрын 50 жасқа толуына немесе мүгедектігіне байланысты оларды төлеу туралы БЖЗҚ-ға өтінішпен жүгінбеген зейнеткерлік жасқа толған тұлғаларға ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерінің өтінішсіз тағайындау тәртібі енгізілді.

ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерінің өтінішсіз тәртібі (олар болған жағдайда) келесіні көздейді:

- ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін БЖЗҚ тарапынан автоматты түрде тағайындау Мемлекеттік корпорацияға белгіленген тәртіппен мемлекеттік бюджеттен зейнетақы және міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен зейнеткерлік жасына жетуіне байланысты төлемдер алуға өтінішпен жүгінген кезде;

- проактивті қызмет шеңберінде ЕЗЖ есебінен төлемдерді жүзеге асыру Мемлекеттік корпорациямен жыл сайынғы салыстырып тексеру нәтижелері бойынша халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органдың ақпараттық жүйесінде бюджет қаражаты есебінен тағайындалған жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің және (немесе) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдері болған кезде.

Өтінішсіз тәртіп зейнеткерлік жасқа толған азаматтарға қатысты БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдеріне бірыңғай тәсілді белгілеу мақсатында қабылданды. Жаңашылдық ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін оңтайландырады және жалпыға бірдей белгіленген зейнетақы жасына жеткен, бұрын БЖЗҚ-ға 50 жасқа толуына немесе мүгедектігіне байланысты оларды төлеу үшін жүгінбеген адамдардың ЕЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының талап етілмеуі тәуекелін жоюды.

Егер ЕЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын ең төменгі зейнетақының 12 еселенген мөлшерінен аспаса (2026 жылы – 828588 теңге (12\*69049)), бір реттік төлем ретінде жасалады немесе ай сайынғы кесте бойынша таусылғанға дейін жарналардың міндетті түрлерімен бірге жүзеге асырылады. Алайда алушы БЖЗҚ-ға ЕЗЖ есебінен төлем шарттарын өзгерту туралы өтінішпен жүгіне алады.

Естеріңізге сала кетейік, 50 жасқа толған немесе мүгедектігі бар адамдар БЖЗҚ сайтында немесе мобильді қосымшасында, сондай-ақ Қор кеңсесінде ЕЗЖ есебінен төлемдер алуға БЖЗҚ-ға өтініш бере алады.

ЕЗЖ есебінен төлемдер алу тәртібі туралы толық ақпаратпен БЖЗҚ сайтында «қызметтер»/«ЕЗЖ есебінен төлемдер» бөлімінде танысуға болады.

## ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҒЫҢЫЗДЫ ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТ ҰСЫНАТЫН ДЕЛДАЛДАРҒА СЕНУ – АСА ҚАУІПТІ!

Әлеуметтік желілерде және онлайн-хабарландыру платформаларында ең төменгі жеткіліктілік шегінен (ТЖШ) асатын зейнетақы жинақтарын кез келген азаматқа алып беруге делдалдық қызмет көрсетеміз деген ұсыныстар өлі де кеңінен таралады. Мұндай қызметтер үшін алаяқтар алдын ала төлем жасауды талап етеді, оны олар көрсетілген қызметтің ақысы ретінде негізсіз сұрайды.

БЖЗҚ тағы да ескертеді: біржолғы зейнетақы төлемдері делдалсыз және комиссиясыз жүргізіледі.

Күмәнді схемаларға қатысуға келісу арқылы сіз тек қаражатыңыздан айырылып қана қоймайсыз, сонымен қатар жеке деректеріңіздің қауіпсіздігіне де

қатер төндіресіз. Мұндай мәліметтер кейіннен өзге де алаяқтық әрекеттерде пайдаланылуы мүмкін.

Сондай-ақ, зейнетақы жинақтарын ҚР Әлеуметтік кодексіне көзделген жағдайларда ғана алуға болатынын ескертеміз. Ең алдымен, ол - зейнет жасы, мерзімсіз уақытқа 1 немесе 2 топ мүгедектігінің белгіленуі, ҚР аумағынан тыс ТТЖ кету, мұрагерлік. Зейнетақы жинағының бір бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсарту және/немесе емделу ақысын төлеу мақсатына заңмен бекітілген талаптарды орындаған жағдайда, мына санаттағы азаматтар құқылы:

- ең төменгі жеткіліктілік шегінен асатын жинағы бар салымшылар (ең төменгі жеткіліктілік шегінен асатын сома мөлшерінде);

- зейнетақысы жоғалтқан табысының (бұрын алынған жалақысының) кемінде 40% құрайтын зейнеткерлер – олар шотта қалған жинағының 50% дейін пайдалана алады;

- еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнеткерлер (жинағының 100% дейін);

- зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан салымшылар (жинағының 100% дейін).

Зейнетақы жинақтарын тұрғын үйге немесе емделуге мақсатты пайдалану тек уәкілетті операторлар – екінші деңгейдегі банктер арқылы ғана мүмкін. Тиісінше, делдалдық қызметтер қажет емес. Бұл ретте БЖЗҚ ешқандай ақы алмайды.

Күмәнді әрекетке қатысуға келісе отырып, сіз

ақшаңызды жоғалту қаупін тудырып қана қоймай, болашақта басқа алаяқтық әрекеттер үшін пайдаланылуы мүмкін жеке деректеріңіздің сақталуына да қауіп төндіресіз.

БЖЗҚ өз салымшылары мен алушыларына мұндай ұсыныстарды елемегуге, тек ресми көздерден ақпарат алуға және құқықтық тұрғыдан қорғалған салада ғана әрекет етуге қатаң кеңес береді.

Барлық сауалдарыңызға жауап алып, өз зейнетақы жинағыңызды мақсатты пайдалану мен аударуға қатысты ақпараттың дұрыстығын БЖЗҚ мұдәшәлерінде де, қашықтықтан да:

enpf.kz сайты, БЖЗҚ/ЕНПФ ұялы қосымшасы арқылы,

байланыс орталығының 1418 нөміріне қоңырау шалу жолымен көпарналы тегін байланыс немесе +7 777 000 1418 нөмірі бойынша WhatsApp арқылы,

БЖЗҚ-ның Одноклассники, Telegram, Facebook, ВКонтакте, X және Instagram сияқты танымал платформалардағы әлеуметтік желілердегі ресми парақшалары арқылы да тексере аласыз.

## ИНФОРМАЦИЯ О ЦЕЛЕВЫХ ТРЕБОВАНИЯХ И НАКОПЛЕНИЯХ: РАЗЪЯСНЕНИЕ ЗАКОННЫМ ПРЕДСТАВИТЕЛЯМ УЧАСТНИКОВ ПРОГРАММЫ «НАЦФОНД-ДЕТЯМ»

В связи с поступлением в ЕНПФ обращений законных представителей по вопросу отсутствия отобрания в личном кабинете на портале электронного правительства eGov.kz, а также в мобильных приложениях eGov Mobile и банков второго уровня информации о целевых требованиях, начисленных их детям за 2025 отчетный год, ЕНПФ поясняет, что указанная ситуация может быть обусловлена следующими причинами:

1. Отсутствие обновления документов в мобильных приложениях. Для корректного отображения информации необходимо обновить документы, следуя по пути:

- в приложении eGov Mobile: «Цифровые документы» - «Семья» - «Обновить список документов» - «Начисления из НАЦФОНДА»;
- в мобильных приложениях банков второго уровня, например, в Kaspi.kz: «Госуслуги» - «Все документы» - «Обновить список документов» - «Начисления из НАЦФОНДА».

2. Отсутствие сведений о начислении целевых требований детям, достигшим либо достигающим 18-летнего возраста в текущем году. В данном случае информация не отображается в личном кабинете законного представителя в связи с тем, что целевые требования обрели статус целевых накоплений (ЦН) и теперь право доступа к сведениям о них доступно непосредственно получателю ЦН (гражданину, достигшему или достигающему 18-летнего возраста в 2026 году).

Напомним, что целевые требования граж-

дан, которым исполняется 18 лет в отчетном году, становятся ЦН и в начале года автоматически зачисляются в доллар США на их целевые накопительные счета (ЦНС) в ЕНПФ. С даты достижения своего 18-летия молодые люди имеют право самостоятельно использовать свои целевые накопления на улучшение жилищных условий и/или на получение образования, либо сохранить на будущее как пенсионные сбережения.

При этом получатели ЦН должны самостоятельно получать информацию о своих ЦН посредством их личного кабинета на интернет-ресурсах ЕНПФ либо электронного правительства. ЕНПФ согласно казахстанскому законодательству гарантирует тайну ЦН, включая сведения об остатках и о движении денег на их ЦНС.

ЕНПФ рекомендует законным представителям своевременно обновлять цифровые документы в мобильных приложениях, а также при необходимости разъяснять детям, достигшим совершеннолетия, порядок самостоятельного доступа к информации о ЦН.

Информацию о факте участия ребенка в программе и начисленных целевых требованиях детям до 18 лет родители или другие законные представители несовершеннолетнего могут также проверить на специально созданном сайте kids.enpf.kz по ИИН ребенка, где можно ознакомиться с условиями программы, получить инструкции, ответы на интересующие вопросы.

## В КАКИХ СЛУЧАЯХ ПЕНСИОННЫЕ ВЫПЛАТЫ ЗА СЧЕТ ДОБРОВОЛЬНЫХ ПЕНСИОННЫХ ВЗНОСОВ НАЗНАЧАЮТСЯ АВТОМАТИЧЕСКИ

Согласно внесенным изменениям в Социальный кодекс Республики Казахстан, предусматривающим осуществление пенсионных выплат за счет ДПВ в порядке и на условиях, определенных договором о пенсионном обеспечении за счет ДПВ и пенсионными правилами ЕНПФ, с марта 2026 года внедрен беззаявительный порядок пенсионных выплат за счет ДПВ лицам, достигшим пенсионного возраста, имеющим в ЕНПФ пенсионные накопления за счет ДПВ, ранее не обратившимся в ЕНПФ за их выплатой в связи с достижением пятидесятилетнего возраста или инвалидностью.

Беззаявительный порядок пенсионных выплат за счет ДПВ (при их наличии) предусматривает:

- автоматическое назначение ЕНПФ пенсионных выплат за счет

ДПВ при обращении в Государственную корпорацию в установленном порядке с заявлениями на получение пенсии из государственного бюджета и выплат за счет обязательных пенсионных взносов (ОПВ) и (или) обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ) в связи с достижением пенсионного возраста;

- осуществление выплат за счет ДПВ в рамках проактивной услуги

по результатам ежегодной сверки с Государственной корпорацией на наличие у указанных лиц в информационной системе уполномоченного органа в сфере социальной защиты населения назначенных за счет бюджетных средств пенсионных выплат по возрасту и (или) государственной базовой пенсионной выплаты.

Беззаявительный порядок принят в целях установления единого подхода к пенсионным выплатам из ЕНПФ в отношении лиц, достигших пенсионного возраста. Нововведение оптимизирует пенсионные выплаты за счет ДПВ и исключает риск неволевого назначения пенсионных накоплений за счет ДПВ лицами, достигшими общеустановленного пенсионного возраста, ранее не обратившимся в ЕНПФ за их выплатой в связи с достижением пятидесятилетнего возраста или инвалидностью.

Пенсионные выплаты за счет ДПВ будут осуществляться одновременно, если сумма пенсионных накоплений за счет ДПВ не превышает двенадцатикратного размера минимальной пенсии, установленного законом о республиканском бюджете и действующего на 1 января соответствующего финансового года (в 2026 году – 828588 тенге (12\*69049)) либо до исчерпания пенсионных накоплений по ежемесячному графику совместно с выплатой за счет обязательных видов взносов. Однако получатель может обратиться в ЕНПФ с заявлением об изменении условий выплат за счет ДПВ.

Напомним, что лица, достигшие пятидесятилетнего возраста, или имеющие инвалидность, могут подать заявление в ЕНПФ на получение выплат за счет ДПВ в личном кабинете на сайте или в мобильном приложении ЕНПФ, а также в офисе Фонда.

С подробной информацией о порядке получения выплат за счет ДПВ можно ознакомиться на сайте ЕНПФ в разделе «Услуги»/«Выплаты за счет ДПВ».

## ДОВЕРЯТЬ ПОСРЕДНИКАМ, ПРЕДЛАГАЮЩИМ УСЛУГИ В ПОЛУЧЕНИИ ПЕНСИОННЫХ НАКОПЛЕНИЙ - ОПАСНО!

В социальных сетях и на платформах онлайн-объявлений продолжается рассылка предложений об оказании посреднических услуг в получении пенсионных накоплений свыше порога минимальной достаточности (ПМД) для любой категории граждан за вознаграждение, которое требуется внести в качестве предоплаты за якобы оказанные услуги.

ЕНПФ в очередной раз предупреждает: одновременные пенсионные выплаты производятся без посредников и комиссий.

Согласившись участвовать в сомнительных схемах, вы не только потеряете свои деньги, но и поставите под угрозу сохранность своих персо-

нальных данных, которые в дальнейшем могут быть использованы для других мошеннических действий.

Также напоминаем: получение пенсионных накоплений возможно только в строго определенных случаях. Прежде всего, это наступление пенсионного возраста, бессрочная инвалидность 1 или 2 группы, выезд на ПМЖ, наследование. Использовать пенсионные накопления на улучшение жилищных условий и/или лечение при соблюдении законодательно установленных условий могут:

- вкладчики, имеющие накопления, превышающие порог минимальной достаточности (в

пределах суммы свыше ПМД);

- пенсионеры, чья пенсия составляет не менее 40% от утраченного дохода (ранее получаемой заработной платы) – они могут использовать до 50% накоплений, оставшихся на счете;

- пенсионеры по выслуге лет (до 100% накоплений);
- вкладчики, заключившие договор пенсионного аннуитета (до 100% накоплений).

Целевое использование пенсионных накоплений на жилье или лечение возможно исключительно через уполномоченных операторов – банки второго уровня. Соответственно, услуги посредников не требуются. При этом ЕНПФ ника-

ких комиссий не берет.

ЕНПФ настоятельно рекомендует своим вкладчикам и получателям игнорировать подобные предложения, получать информацию из официальных источников и действовать исключительно в правовом поле.

Получить ответы на все вопросы и проверить информацию, касательно изъятия и перевода своих пенсионных накоплений Вы можете как в отделениях ЕНПФ, так и дистанционно:

- посредством сайта enpf.kz, мобильного приложения БЖЗҚ/ЕНПФ;

- через многоканальную бесплатную связь, позвонив на номер call-центра 1418, а также посредством WhatsApp по номеру +7 777 000 1418;

- на официальных страницах ЕНПФ в социальных сетях на таких популярных платформах, как «Одноклассники», Telegram, «Facebook», «В контакте» и «Instagram».



# ШАҒАНТАУДЫҢ ШЫҢЫНА ШЫҚҚАНДАР...

«Жетісу облысының туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесінің баспасөз қызметінің хабарлауына, 2026 жылғы 23 мамырда Жетісу облысы, Көксу ауданы Ақтөксе ауылы маңындағы Шаған тауының етегінде «Shagan Fest – 2026» фестивалі жоғары кәсіби деңгейде өтті.



Ауқымды іс-шара өңірде тау туризмін дамытуға, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, белсенді өмір салтын насихаттауға және Жетісудың табиғи туристік әлеуетін кеңінен танытуға бағытталды.

Фестивальге жүздеген туристер, саяхатшылар, треккинг және альпинизм әуесқойлары қатысты. Іс-шара аясында қатысушылар теңіз деңгейінен 2551 метр биіктікте орналасқан Шаған шыңына жаппай көтеріліп, Жетісудың көркем табиғатын тамашалады.

Шаған шыңына көтерілуге шамамен 500 адам қатысып, 20-дан астам блогер мен инфлюенсер Жетісу өңірінің туристік әлеуетін кең аудиторияға танытуға өз үлестерін қосты.

Сүйсінерлігі сол, осы топтың белортасында біздің өңірдің даңқты ардагер спортшысы сол Ақтөксе ауылының тумасы жетпісті желкелеп қалса да қайраты қажымай, жігері жасымал жарыстарға ұдайы қатысып жүрген, қол күресінен әлемнің бірнеше

дүркін чемпионы Әбдуәли Тастанов та болып, жарыстың беташарында қатысушыларға арнап құттықтау сөз сөйлеп, табыс тіледі. Сонымен қатар, өзі де Шағанның шыңына алқынбай көтеріліп, жастарға үлгі көрсетті.

Сонымен қатар, фестивальге туристік ұйымдар мен клубтардың өкілдері де белсенді қатысты. Атап айтқанда, «Истоки» туристік клубынан 20-дан астам бала және «Джунгария» туристер клубынан 30-ға жуық оқушы қатысты. Жас туристер жорық маршрутына қатысып, табиғат аясындағы белсенді демалыс пен экологиялық мәдениетті насихаттауға өз үлестерін қосты.

Айта кету керек, Шаған тауы – Жетісу өңіріндегі бірегей табиғи әрі туристік әлеуеті жоғары бағыттардың бірі. Соңғы жылдары бұл аймақ белсенді демалыс пен тау туризміне қызығушылық танытатын туристер арасында кеңінен танымал болып келеді.

Фестиваль бағдарламасы аясында қатысушылар үшін арнайы туристік маршруттар әзірленіп, таулы аймақтағы қауіпсіздік шаралары мен мінез-құлық қағидалары бойынша нұсқаулықтар жүргізілді. Сонымен қатар қонақтардың танымдық демалысын ұйымдастыру мақсатында ашық аспан астындағы караоке мен арнайы фотоаймақтар жұмыс істеді.

Фестивальдің ерекше бөлігінің бірі – шыңға көтерілген қатысушыларды салтанатты марапаттау рәсімі болды. Айта кету керек, Шағантаудың шыңына шыққан, биіктігін бағындырған барлық қатысушылар табандылықтың, төзімділіктің, қайсарлықтың, жігерліліктің үлгісін танытқаны үшін рух күшінің және тау туризміне деген сүйіспеншіліктің символына айналған естелік медальдармен марапатталды. Көптеген қатысушылар үшін бұл көтеріліс тек спорттық жетістік ғана емес, сондай-ақ ұмытылмас әсер мен жарқын эмоциялар сыйлаған ерекше оқиға болды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

## ВОЛЕЙБОЛ

Үстіміздегі жылдың мамыр айының 15-і мен 17-сі аралығында Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, №1 балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің спорт залында ҚР мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасының спорт шебері Амандық Ғаббасұлы Баталов атындағы волейболдан ардагерлер арасында халықаралық турнир өтті.

Ашылу салтанатында турнирдің құрметті қонақтары Панфилов ауданының әкімі Марат Рахымбердіұлы Сағымбек, Алматы облысының Кербұлақ, Панфилов аудандарының құрметті азаматы, меценат, спорт жанашыры Серік Мұқашұлы Ақсубаев сөз алып, командаларға сәттілік тіледі.

Бас жүлде үшін бәсекеге 10 команда қатысып, әрбір кездесу шиеленіскен тартысты жағдайда өтті. Тартымды турнирдің қорытындысы бойынша барлық жүлделі орындар мейман командалардың еншісінде

# ТАРТЫСТЫ ӨТКЕН ТАРТЫМДЫ ТУРНИР

кетті. Атап айтқанда, бас жүлде Алматы қаласынан келген волейболшыларға бұйырса, екінші орынды шымкенттік ардагерлер иеленді. Ал, үздік үштікті «Номад Астана» командасы түйіндеді.

Жарыстың жабылу салтанатында алматылық ардагерлер командасының құрамында ойнап, мазмұнды ойын өрнегімен ерекшеленген Амандық Ғаббасұлы Баталов сөз сөйлеп, турнирді ұйымдастырушылар мен жиналған жанкүйерлерге алғысын білдірді. Содан соң жүлдегер ұжымдарға демеушілер тағайындаған кубок және медальдар тапсырылып, сонымен қоса ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

**Алмас НҰРҒАЛИ,**  
Облыстық бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы Панфилов аудандық филиалының басшысы.



## ЖАЙДАРМАН ЖАҒАЛЫҚ

# ЖОҒАРЫ ЖЕТІСТІКТЕРГЕ ЖЕТТІ

Диас қола медальды қоржынға салды.

Мамырдың 19-21 күндері Шымкент қаласында жеңіл атлетикадан U-16 кіші жасөспірімдер және U-23 жастар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Аталған жарыс барысында да аталмыш мектеп-интернат-колледжінің спортшылары жоғары нәтижелерге қол жеткізді.

Атап айтсақ, U-16 санатында Сәкенқызы Айзере 3000 м спорттық жүрістен жеңімпаз атанса, Новиков Валерий ұлдар арасында жарыстың осы түрі бойынша 2-орынға ие болды. Ал, Думанқызы Әмина 1500 м қашықтықта алдына жан салмаса, 800 м қашықтықта 2-орынды қанағат тұтты. Сондай-ақ, Ұланқызы Үміт 2000 м кедергілерімен жүгіруден күміс жүлдегер атанса, 3000 м қашықтықта 3-орынға ие болды. Ербосынұлы Орынбасар да 2000 м қашықтықта кедергілерімен жүгіруде қола жүлдегер атанды.

U-23 санатында Серікқан Бағжан 3000 м кедергілерімен жүгіруде және 5000 м қашықтықта жүгіруде қос күміс медальды еншіледі. 4x400 метр қашықтықта эстафеталық жарыста Ербол Елдос пен Серікқан Бағжан сәре сызығын үшінші болып қиып, қола медаль алды.

Ш. БАТОВ

**Мамырдың 18-22 күндері аралығында Талдықорған қаласында бокстан 2012-2013 ж.т жасөспірімдер арасында ҚР құрметті спорт қызметкері, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы В.А.Легайды еске алуға арналған республикалық турнир өтті. Жарыс қорытындысы бойынша «Ж.Үшкемпіров атындағы Талдықорған қаласындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандырылған мектеп-интернат-колледжі» КММ оқушылары тамаша табысқа жетті.**

Мектеп-интернат-колледжінің спортшылары сегіз медаль жеңіп алды. Сүйсінерлігі сол, оның тең жартысы алтын медаль. Атап айтсақ, Серік Алинұр, Ғалым Қасымхан, Дәулетбек Илияс және Байдусен Нұрсұлтан турнир чемпионы атанса, Мерейұлы Ақселеу ақтық кездесуінде ғана қарсыласына жол беріп, күміске қол созды. Ал, Әділбек Бердияр, Болысбек Ерхан, Есқалиев



СЫМБАТ

# ЕҢ БІРІНШІ ҚАРТАЯТЫН ДЕНЕ МҮШЕЛЕРІ

Қартаю процесінен ешкім қашып құтыла алмайды. Десе де, өзімізге күтім жасау арқылы бұл процесті баюлатуға болады. Біз әдетте бет-әлпет күтіміне немесе дене сымбаттылығына аса мән береміз. Алайда жылдам қартайтын дене мүшелері бар. Олардың алдын алу үшін не істеу керек?

**Мойын мен кеуде тұсы**

Бірінші кезекте мойын мен кеуде тұсы терісі қартайды. Бұл көпшілік үшін әлсіз жер, себебі мойынды, әсіресе, жылы мерзімде жасыру қиын. Жас ұлғая келе мойын майлы қабатты аз жинайды. Ал кеуде тұсы агрессивті күн сәулесіне, күйзеліске және зиянды әдеттерге әсер береді. Егер бұл ең нәзік дене бөліктеріне күтім жасамаса, жас ұлғая келе ол жерлердегі тері созылып, әжім пайда болады.

**Не істеу керек?**

Бұл жағымсыз салдардың алдын алу үшін мойынға күтімді 35 жас-тан бастау керек. Мойынға күтімді бетке секілді жасау керек: тазарту, ылғалдандыру, қоректендіру. Қоректік кремдер, массаж, дәрумендер, күннен

қорғау – бұлар мойын терісінің жастығына қажет нәрселер.

**Қол**

Қол – адам денесіндегі ең еңбекқор дене мүшесі. Біз оны өте жиі қолданамыз. Қол терісі жас ұлғая келе қабыршақтанады, құрғайды және әжім пайда болады. Әйелдердің көпшілігі қол күтіміне аса мән бермей, арасында ғана крем жағады. Алайда әйелдің күтімсіз қолы оны үлкейтіп көрсетеді.

**Не істеу керек?**

Базалық күтімнен бастаңыз – жүйелі түрде ылғалдандыру және қоректендіру. Бұл мақсатта зәйтүн майы мен глицеринді қолдануға болады. Сондай-ақ қол жастығын сақтау үшін қолға және саусақтарға жаттығу жасау керек. Жоғарғы тері қабатын жаңарту үшін пи-

линг жасау керек, бірақ бұл процедураны жиі жасау ұсынылмайды. Өрқашан өзіңізбен бірге қолға арналған ылғалдандырушы крем жүру керек.

**Тізе**

Біздің аяғымызға, әсіресе тізеге өмір бойы жүктеме түседі. Оған қоса, тізенің терісі нәзік. Жас ұлғая келе тізде көптеген тартымсыз әжім пайда болады, ал бұл жердің терісі созылып кетеді.

**Не істеу керек?**

Әдемі тізе тек сау аяқта болады. Варикоздық түйіндер, майтабан және омыртқа проблемасы аяқ терісінің қоректенуін бұзады және тізе буындарының өзгеріске ұшырауына әкеледі. Сондықтан 5-6 см-ден



биік аяқ-киім кимеуге тырысыңыз. Ыңғайлы аяқ-киім, ұзақ жаяу серуендеу, отырыңқы жұмыс кезінде жаттығу жасау, босаңсытатын массаж – тізе жастығының кепілі. Тізеге крем жағып тұрыңыз және құрамында кальцийі бар өнімдер жеңіз.

massaget.kz сайтынан алынды

Анықта- малық кітап																			Түркі тілдес халық	Бағалы асыл тас	Қорған		
Ғылыми тәжірибе	Шеңбер сызатын аспап	...- кешек	Сәбден (акаде- мик)	Ресей патшай- ымы	Азия елі	Әулие- ата														Украина парла- менті	Мейірім		
Ықпал	Лилия	Жүк көлігі	...-ұят	Әлеміш түс	Мылтық ату орны	Рысқұлов																	
... жылда ел жаңа		Нота	Алма сорты		Африка аралы	Ботқа																	
Авто- жарыс			Керемет	Италия		Боксшы тіс қабы														Мең	София (әнші)		
... Ильин			Сен (орысша)	Астанасы Бағдат Қазан-		Ұры-...																	
		Тамада	Пенде	... иесімен тәтті	Жұп сан	Кемең- гер															Неміс физигі		
Турман	... бомбасы				Айранды сусын																Дау- дамай	Несие	
Салақ		Тері ыдыс ... Королева			Трюмо	Көгілдір отын															Кұйып қойған- дай		
			Түсті металл	Шаһар																	Қырғыз ақшасы	Жәндік	
Отан ... ыстық	Барак ...			Жанғақ- тың іші	Әдемі	Икем															Ойын бөлімі		
				Серт																	Озон	Зейін	
Әсем қала- мыз	Джунгли шыр- мауығы	Белес		Заттың қасиеті																	Кебеже	Бой- жеткен	
			Карта- дағы әйел	Құрық тимерген	Даңқ	Амон ...															Баспана	Түркия ақшасы	Жеті жасар бүркіт
Сәтпаев	Айыр	Әсел	...-аяқ			...-бері	Қазына																
			... бересі, алға аласы																		Отыз күн	Лаж	
Швед авто- мобилі	Шикі			Рең																	Киік тұқымдас жануар		
...-жая			Аман																			Тараз өзені	

## СОТ САРАПТАМА ҚЫЗМЕТІНІҢ ЭТИКАЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ

Қоғамдағы қылмыстық, азаматтық іс жүргізулерде маңызды рөл атқаратын дәлелдемелердің бірі, қашанда сот сарапшысының қорытындысы екені мәлім. Ал осындай маңызды құжатты беретін арнайы ғылыми білімі бар және заңда белгіленген өзге де талаптарға сай келетін, өзіне сот сараптамасы ісін жүргізу тапсырылған, іске мүдделі емес жеке тұлға сот сарапшысы.

- 2017 жылғы 10 ақпандағы ҚР «Сот-сараптама қызметі туралы» Заңының 11-бабына сай, ҚР сот сарапшыларының әдеп кодексі ҚР Әділет министрінің бұйрығымен реттелген. Құжат тәуелсіздік, объективтілік және кәсіби құзыреттіліктің қатаң стандарттарын белгілейді. Кодекстің негізгі қағидалары:
  - Тәуелсіздік - зерттеу қатаң түрде заң аясында, сырттан қысымсыз жүргізілуі керек;
  - адалдық пен объективтілік - қорытындылар тек ғылыми фактілерге негізделуі керек;
  - Кәсіби құзыреттілік пен тұтастық - үздіксіз кәсіби даму және қажетті құзыреттер болмаған жағдайда жұмыс істеуден бас тарту;
  - Мінсіз мінез-құлық - сот сарапшысы сот сараптамасы органының беделін нығайтуға бар күшін салу;
  - ақпараттың құпиялылығы - сараптама барысында анықталған мәліметтерді жария етпеу.

Әр қызметтің, әр мамандықтың өз әдебі, өз тәртібі болатыны сияқты, әр қызмет иесі осы талаптарды сақтай білуі керек. Сот сарапшысы өз қызметіне қойылатын Кодекс талаптарын білуі және сақтауы оның кәсіби қызметі мен еңбек тәртібінің сапасын бағалаудың бірден-бір көрінісі.

**А.О. РАХАТАЕВА,**  
Жетісу облысы бойынша сот сараптамалары институтының бас сарапшысы

### Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Құрылтайшы: **Ырым КЕНЕНБАЙ**

Баспахана директоры  
Бақберген ТУКИБАЕВ

Бас редактор  
Баян ТАҢАТАРОВА

Редакция алқасы:

- Гүлнұр БАЙМҰХАН – редактордың орынбасары
- Сембек ӘБДІРАХМАНОВ – тілші
- Гүлшат БІЛІСБАЙҚЫЗЫ – дизайнер-беттеуші
- Айнаш БИЯХМЕТОВА – дизайнер-беттеуші

Кезекші редактор: Г. БАЙМҰХАН



Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция кезқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Оффсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42; E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru Сайты: alatau\_gazeti Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2000 Тапсырыс № 500 Индекс 15534



Меншік иесі "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ